



«ЕЛТАҢБА, ТУ, ӘНҰРАН –

Тәуелсіздігіміздің басты құндылықтарының көрінісі, бейбітшіліктің, бірлік пен келісімнің, өсіп-өркендеудің белгісі. Көк байрағымыз – мызғымас мемлекеттіліктің белгісі. Елтаңбамыз – азаттықтың айшықты көрінісі. Ал Әнұранымыз – еркіндік пен елдіктің үні».

4

САРАПТАМА



ШОЛПАН-АТА САММИТІ

5

БІЛІМ



СОҒҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҒҒЫРЫ

6

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

3.06.2023

Түнде:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

4.06.2023

Түнде:



+15+17 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C
Көшпелі бұлтты, күннің екінші жартысында жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы: 3-8, найзағай кезінде екпіні 13 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №68 (6361) 3 маусым, сенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Еуроодақ – Қазақстанның жетекші сауда серіктесі және экономикамыздың ең ірі инвесторы



Мемлекет басшысы Орталық Азия мемлекеттері басшылары мен Еуропалық Кеңес Президентінің екінші кездесуіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында «Орталық Азия – Еуропалық одақ» форматында өткен бұл Саммит аясында Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишельмен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Шарль Мишельге ілтипат білдіре отырып, Қазақстан Еуропалық одақпен стратегиялық серіктестікке баса мән беретінін атап өтті. Еліміздің Еуропалық одақпен жасаған Кеңейтілген серіктестік және ынтымақтастық туралы келісімі берік қарым-қатынастардың жаңа кезеңіне жол ашты. Бүгінде Еуроодақ – Қазақстанның жетекші сауда серіктесі және экономикамыздың ең ірі инвесторы. Өз кезегінде Шарль Мишель Еуроодақ пен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықтың қарқынды дамып келе жатқанын жоғары бағалап, өзара қарым-қатынасты одан әрі дамыту үшін бірлесе жұмыс істеу керек екенін атап өтті. Сондай-ақ, тараптар жаһандық және өңірлік күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

2

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Мегаполисте Мемлекеттік рәміздер күні қандай іс-шаралар өтеді?

Қазақстанда 4 маусымда Мемлекеттік рәміздер күні атап өтіледі. 2007 жылы құрылған бұл мереке еліміздің рәміздері – Елтаңба, Ту және Әнұранға арналған. Алматыда тақырыптық көрмелер, кездесулер, «дөңгелек үстелдер» өтеді. Қаланың аудандарында Әнұранды бір мезетте орындау жоспарланған.

Сағат 11.00 – ҚР Мемлекеттік Туын көтеру және «Медеу» БТШК-да ҚР Әнұраны жаппай орындалады. Сағат 12.00 – М.Ганди атындағы саябақтан Қонаев көшесіне дейін Шевченко көшесінің бойымен велошеру өтеді. 19.30 – Абай алаңында мерекелік концерт ұйымдастырылады.

Нұр ЖАМАЛ.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Алматы қаласының қоғамдық көлік жүйесімен танысты.
- Президент Шолпан-Ата қаласына жұмыс сапарымен барды.
- Үкіметте полистилен өндіретін зауыт салу жобасы талқыланды.
- Ертен «Ел рәміздері – еркіндік нышаны» телемарафоны өтеді.
- Елімізде нотариус кеңестері eGov Mobile арқылы онлайн форматта қолжетімді болды.
- Елімізде биыл студенттерге арналған 26 жатақхана салынады.
- Астанада паралимпиадалық боччадан ел біріншілігі басталды.
- Алматы зообағына Мәскеуден Пурга есімді ақ аю жеткізілді.
- Елімізде мерекелік күндер тізбесі «Аналар күні» және «Әкелер күні» мерекелерімен толықты.
- Елімізде кәсіби асырап алушы отбасылар институты енгізілмек.
- БАӘ Қазақстанда шығарылған бие сүті өнімін сатып алуды жоспарлап отыр.
- Отандық дрон – «Шағала-М» ұшқышсыз ұшу аппараты сынақтан сәтті өтті.

www.almaty-akshamy.kz





«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ СЕНАТ

Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен өткен Палата отырысында сенаторлар еркін экономикалық аймақтар туралы заңды мақұлдады.

Заң ЕАЭО шеңберінде құқықтық негіз құрайтын халықаралық шартты жетілдіруге арналған. Атап айтқанда, Келісім арқылы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін экономикалық аймақтардың жекелеген мәселелерін қосымша реттеу ұсынылып отыр. Хаттама нормаларына сәйкес еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтардың аумағы Кедендік одақтың кедендік аумағының бөлігі болып саналады. Ал порт және логистикалық АЭА шектері Кедендік одақтың кедендік шекарасы болып табылады. Бұдан басқа, еркін кедендік аймақ рәсімі қолданылатын АЭА аумағы АЭА қай мүше мемлекеттің жерінде құрылған болса, сол елдің заңнамасына сәйкес айқындалады.

■ ҮКІМЕТ

Премьер-Министр Әлихан Смайылов өмірлік қиын жағдайға тап болған балаларды қолдау орталығына барды.

Үкімет басшысы ел Президенті жетім балаларды әлеуметтік қорғау және оларды отбасында тәрбиелеу мәселелеріне ерекше назар аударатынын атап өтті. Соңғы 10 жылда республикадағы балалар үйлерінің саны 41%-ға, ал ондағы балалар саны 65%-ға төмендеді. Бүгінгі таңда елде 3700-ге жуық бала тұратын осындай 116 мекеме бар.

«Біз әр баланың отбасында тәрбиеленгенін қалаймыз. Сондықтан жыл соңына дейін кәсіби асырап алушы отбасылар институтын енгізу бойынша заңнамалық нормалар қабылданатын болады. Біз барлық бала отбасында тәрбиеленуі керек деген мақсат қойып отырмыз. Сол кезде балалар үйлерінің қажеті де болмай қалады», — деді Әлихан Смайылов.

■ ЗАУЫТ

Үкіметте өткен кеңесте газ-химия өнеркәсібін дамыту мәселелері, полиэтилен өндіретін зауыт салу жобасы талқыланды.

Полиэтилен өндірісі бойынша интеграцияланған газ-химия кешенін салу жобасы қаралды. Бұл мәселе бойынша соңғы инвестициялық шешім 2024 жылы қабылдануға тиіс. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Мағзұм Мырзағалиевтың айтуынша, жобаны табысты іске асыру үшін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА жұмыс істеу мерзімін ұзарту және жетіспей тұрған сыртқы инфрақұрылымды салу керек. Талқылау қорытындысы бойынша уәкілетті органдарға көтерілген мәселелерді шешу жолдарын пысықтау тапсырылды.

■ «АЛТЫН ОРДА»

Үкіметте «Алтын Орда» ірі сауда орнының жұмысы жөнінде кеңес өтті. Сауда орнындағы түрлі тексерулер санитарлық, еңбек, өртке қарсы және салықтық бақылауға қатысты 300-ден астам заң бұзушылықты анықтаған.

Кеңес қорытындысы бойынша Премьер-Министр сауда орнының қызметіне бақылау ұйымдастыруды тапсырды. Прокуратура, полиция, бәсекелестікті қорғау және қаржылық мониторинг агенттіктері, басқа да уәкілетті мемлекеттік органдар қызметкерлерінен құралған мобильдік топ барлық заң бұзушылықтар толығымен жойылғанға дейін жұмыс істейтін болады. Сонымен қатар, Алматы агломерациясында баламалы көтермелер орталықтарын құру процесі жалғасады. Бұл «Алтын Орда» сауда орнының өңірлік деңгейде әрі бүкіл ел аумағы бойынша баға саясатына ықпалын азайтып, тиімсіз делдалдарды жоюға және сауданы оңтайландыруға мүмкіндік береді.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

Отбасының цифрлық картасын енгізудің нәтижесінде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап 102 мыңнан астам адамға мемлекеттік қызметтерді проактивті көрсету үшін SMS-хабарлама жолданды. Бұл ретте өтініш берусіз жәрдемақы немесе төлем алу мүмкіндігін 12 мыңнан астам адам пайдаланды.

Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде қалыптастырылады. Оны енгізудің басты мақсаты — қазақстандықтардың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. ОЦК азаматтардың әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандай да бір түрін алуға құқықтары туралы күнделікті «электрондық хабарлама» болып табылады. Қазіргі уақытта ОЦК мемлекеттік қолдау шараларын алуға құқығы бар қазақстандықтарға қандай да бір өтініштерсіз жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдердің 9 түрін ресімдеуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, ОЦК арқылы зейнетақы төлемдерін алу мүмкіндігі туралы автоматты хабарлама іске асырылды.

■ ОТБАСЫ ИНСТИТУТЫ

Үкімет кәсіби асырап алушы отбасылар институтын енгізу бойынша заңнамалық нормаларды әзірледі, бұл балаларды отбасы қамқорлығына алуға мүмкіндік береді.

Республикада кәсіби асырап алушы отбасылар институтын енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде, балалар үйлерінде тәрбиеленушілер саны азайып келеді. Тек соңғы 10 жылда 7 мың бала өз отбасын тапты.

■ САНАҚ: ЖАҢА ДЕРЕК

Ұлттық статистика бюросы еліміздегі халық саны бойынша жаңа деректерді ұсынды.

2023 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша еліміздегі халық саны — 19 миллион 854 мың 83 адамға жеткен. Олардың ішінде 12 миллион 276,3 мың адам қалада тұрса, 7 миллион 577,7 мың адам ауыл тұрғындары. Әйелдер саны — 10 161 470. Ерлер саны — 9 692 613. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2023 жылы мамыр айына дейін 93 538 сәби дүниеге келген екен. Табиғи өсім көрсеткіші — 60 914. Аталған уақыт аралығында 7680 адам көшіп келіп, 2664 адам көшіп кеткен.

■ ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Қазақстанда оқушылардың сәйкестендіру карталары жүйесі іске қосылды. Бұл карталар мектеп ғимаратына кіруге, тамақтануға және оқу материалдарына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Пилоттық жоба Астана, Шымкент қалаларында және Маңғыстау облысында жүзеге асырылып жатыр. ҚР Оқу-ағарту министрлігінің хабарлауынша, 2024 жылдың қыркүйегінде республика бойынша 1000-нан аса қалалық мектеп оқушылары ID карта пайдаланатын болады. Жоба Мемлекет басшысының 2022 жылғы 26 қарашадағы «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасы аясында іске асырылуда.

(Дереккөздер: akorda.kz; parlam.kz; ortcom.kz, primeminister.kz).

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ



Мемлекет басшысы бүкіл аймақ үшін стратегиялық маңызы бар басым бағыттарды ұсынды

(Басы 1-бетте)

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия — Еуропалық одақ» басшыларының екінші кездесуінде сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдері бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіске қарамастан, аймақтық диалогты күшейткеніне ризашылығын білдірді. Оның пікірінше, бұл істе Еуропалық одақтың атқарған рөлі зор. Орталық Азия мен Еуроодақ арасындағы ынтымақтастықтың перспективасы мол.

— Өткен жылдың қорытындысы бойынша Еуропадан Қазақстанға тартылған инвестиция 23 пайызға артып, 12,5 миллиард долларға жетті. Тәуелсіздік жылдарында біз шетелден 350 миллиард доллардан астам тікелей инвестиция тарттық. Оның жартысына жуығы Еуроодақ елдеріне тиесілі. Еуропалық одақ — Қазақстанның ең ірі сауда серіктесі. Біздің сыртқы саудамыздың 40 пайыздан астамы осы ұйымның үлесіне тиесілі. Былтыр Қазақстанның Еуроодақ елдерімен өзара тауар айналымы 40 миллиард долларды құрады. 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 50 миллиард долларға жеткізу үшін бізде барлық мүмкіндік бар деп санаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы Қазақстанда Shell, Eni, Total, Air Liquide, Alstom, Siemens және басқа да трансұлттық корпорацияларды қоса алғанда, еуропалық капиталдың үлесі бар үш мыңнан астам компания жұмыс істейтінін атап өтті.

«Біздің жан-жақты серіктестігіміз сирек кездесетін металдарды және «жасыл» сутегіні өндіру стратегиялық маңызды әрі перспективті салалардағы жаңа келісімдермен нығайып келе жатқанын ерекше атап өткім келеді. Svevind неміс-швед компаниясы Қазақстанда жел және күн электр станцияларын орнататын және үш миллион тонна «жасыл» сутегін өндіретін зауыт құрылысын бастады. Бұл — серпінді жобалардың бірі, сондай-ақ Еуроодақтың осы өнімге деген қажеттілігінің шамамен 20 пайызын құрайды. Былтыр қараша айында Еуропалық Комиссияның Президенті Урсула фон дер Ляйенмен бірге Тұрақты шикізат, аккумуляторлар және жаңғыртылатын сутектің құнын жасақтау тізбегі бойынша стратегиялық серіктестік туралы меморандумға қол қойдық», — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл өңір елдері үшін стратегиялық маңызы бар ынтымақтастықтың басым бағыттарын ұсынды. Президент, ең алдымен, тауар ай-

налымын ұлғайту мәселесіне тоқталды. Оның пікірінше, негізгі міндет — сауда номенклатурасын кеңейту арқылы экспортты ұлғайту.

— Қазақстан машина жасау, темір және болат өндірісі, тамақ өнеркәсібі секілді салалар бойынша құны 2,3 миллиард доллар болатын 175 шикізаттық емес тауар түрі бойынша Еуроодақ елдеріне экспортты ұлғайтуға дайын. Ауыл шаруашылығындағы ынтымақтастықтың келешегі зор, — деген Президент көлік-логистикалық инфрақұрылымды дамыту мәселесін екінші басымдық ретінде атады.

Қазақ басшысының пайымынша, қазіргі кезеңде Транскаспий халықаралық көлік бағыты стратегиялық маңызға ие.

— Бұл бағыт өңірлеріміз арасындағы қарым-қатынас деңгейін айтарлықтай күшейте алады деп санаймын. Жұырда Қытайға жасаған мемлекеттік сапарымның аясында қытайлық серіктестерімізбен бірге Сиань қаласында логистикалық терминалдың іргетасын қаладық. Бұл порт Орталық Азия территориясы арқылы Еуропаға тікелей контейнерлік пойыздарды жібериу үшін маңызды хаб болмақ. Сондай-ақ, біз Транскаспий бағытын Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» бастамасымен ұштастыруға уағдаластық, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев энергетикалық ресурстарды Қазақстаннан Еуропаға тасымалдау бағыттарын әртараптандыруға да ерекше назар аударды әрі басқа бағыттар бойынша жеткізілетін мұнай экспортының перспективаларын да айқындап берді.

— Қазіргі уақытта Еуропаға экспортталатын Қазақстан мұнайының 80 пайызы Каспий құбыр консорциумы арқылы жүзеге асырылады. Ортақ мүддені ескере отырып, стратегиялық тұрғыда маңызды осы құбыр арқылы мұнайдың ұзақ мерзімді және тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Еуроодақ әрі қарай да қолдау көрсете береді деп сенеміз. Биыл жыл басынан бері Қазақстан мұнайын «Ақтау — Баку — Тбилиси — Джейхан» бағыты бойынша жылына 1,5 миллион тонна көлемде жөнелту жұмысы басталды. Орта мерзімді перспективада біз «Ақтау — Батуми» бағыты бойынша Транскаспий бағытының құбыры арқылы жөнелту көлемін ұлғайтуды жоспарлап отырмыз. Сонымен бірге, Қазақстан «Дружба» құбыры арқылы Германияға мұнай жеткізу ісін жүзеге асыра бастады. Биыл жыл басынан бері 90 мың тонна көлемінде мұнай жеткізілді. Бұл көрсеткішті 1,2 миллион тоннаға дейін жеткізуге әлеуетіміз жеткілікті және оны келешекте арттыруға мүмкіндігіміз бар, — деді Қасым-Жо-

март Тоқаев.

Сонымен қатар, Президент климат және «жасыл энергетикаға» көшу салаларындағы өзара іс-әрекетті келесі басымдық ретінде атап өтті.

— Біз тұйық циклды экономика қағидаттарын белсенді түрде енгізіп жатырмыз. Еліміздің энергетикалық тепе-теңдік құрылымындағы жаңартылатын энергия көздерінің үлесі қазірдің өзінде 4,5 пайызға жетті. 2030 жылға қарай бұл көрсеткіш 15 пайызға жету керек. Біз бұл тұрғыда Орталық Азиядағы климаттың өзгеруі, су ресурстары, жаңартылатын энергия көздерін дамыту мәселелері жөніндегі бірлескен күш-жігерді Global Gateway стратегиясы мен Team Europe бастамасын жүзеге асыру аясында жандандыру орынды деп санаймыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент цифрлық даму туралы айта келе бұл бағытта ынтымақтастық мүмкіндіктері мол екеніне тоқталды.

— Биыл наурыз айында Microsoft компаниясы Қазақстанда озық технологияларды тарту орталығына айналатын Мультиөңірлік хаб ашқаны туралы жарияланды. Біз 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті IT маман даярлау міндетін қойдық. Сондықтан Еуропа университеттерін Қазақстанда, оның ішінде маңызды өңірлік IT алаңға айналған Astana Hub технопарк базасында филиалдар ашуға шақырамын. Жалпы, біз цифрландыру саласындағы өз әзірлемелерімізді кеңейтуді және өңірлік деңгейде цифрлық хаб ретінде тәжірибемізді бөлісуді жоспарлап отырмыз, — деді Мемлекет басшысы.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе Қазақстанның сыртқы саяси бастамаларын ілгерілетуде және ауқымды демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруда Еуропалық одақтың көрсеткен қолдауына жоғары баға берді.

Саммит барысында Еуропалық Кеңес Президенті Шарль Мишель, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және Түркіменстан Министрлер Кабинеті төрағасының орынбасары Нұрмұхаммет Аманнепесов сөз сөйледі.

Кездесу қорытындысы бойынша жиынға қатысушылар Бірлескен баспасөз-коммуникесін қабылдады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК

ҚАЗАҚСТАН – КОРЕЯ

негізгі халықаралық мәселелер бойынша ортақ ұстаным

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Корея Республикасының Сыртқы істер министрі Пак Чжинді қабылдады.

Әңгіме барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Пак Чжин екіжақты стратегиялық серіктестіктің қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары жөнінде пікір алмасты. Мемлекет басшысы Қазақстан мен Корея арасындағы сауда, инвестиция және технология салаларындағы өзара қарым-қатынастардың, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. «Өздеріңізге мәлім, Корея біз үшін Азиядағы негізгі серіктестердің бірі ретінде өте маңызды. Екіжақты ынтымақтастық бағытындағы барлық жетістікті жоғары бағалаймыз. Сонымен қатар, екіжақты сауда көлемі 6 миллиард доллардан асқанына өте қуаныштымын. Дегенмен, бізде мол мүмкіндік бар. Оны болашақта пайдалану қажет. Сондықтан сіздің бұл сапарыңыз – өзекті ха-

лықаралық мәселелер жөнінде өзара пікір алмасу үшін жақсы мүмкіндік. Қазақстан мен Кореяның негізгі халықаралық мәселелер бойынша ұстанымдары ортақ. Халықаралық аренада да, екіжақты форматта да бізді жақындата түсетін көптеген ортақ істеріміз бар деп сенемін», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы KIA автомобиль өндірісін, Hyundai зауытының жұмысын, феррокорытпа және болат өндірісін, «Ақылды ферма» жобасын және басқа да бастамаларды мысалға келтірді. Сонымен қатар, Президент елдеріміз арасында екіжақты қарым-қатынастың берік институттық желісі қалыптасқанына назар аударды. Сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық ынтымақтастық жөніндегі қазақ-корей үкіметаралық комиссиясы мен Іскерлік кеңес осы байланыстарға дәнекер болып отыр. Бұл ретте Мемлекет басшысы аталған құрылымдардың әлеуетін толық пайдалануға шақырды.

Өз кезегінде Оңтүстік Корея дипломаты Қасым-Жомарт Тоқаевқа ел Президенті Юн Сок Ёлдың сәлемін жеткізді және Қазақстанмен екіжақты және аймақтық негіздегі серіктестікті одан әрі тереңдетуге дайын екенін растады. «Сіздің

көреген басшылығыңызбен Қазақстан осы орнықты экономикалық өсімді жалғастырады деп сенемін. Сонымен қатар, біз Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды және заң нормалары мен демократиялық құндылықтарды нығайту жөніндегі Сіздің жеке күші-жігеріңізді қолдаймыз. 1992 жылы дипломатиялық қатынас орнағаннан бері екіжақты серіктестігіміз дәйекті дамып келеді. Әсіресе, 2009 жылы стратегиялық серіктестік туралы шартқа қол қойылғаннан кейін қарқынды дами түсті. Осыған байланысты қарым-қатынасымызды нығайту үшін одан әрі ілгерілеуді жалғастырамыз. Біз тек дәстүрлі салада ғана емес, цифрлық технологиялар, денсаулық сақтау, энергетика және қоршаған ортаны қорғау секілді жаңа салаларда да тығыз серіктестікті дамытып жатырмыз. Екі ел арасындағы белсенді дипломатия – екіжақты қатынастарды дамытудың қозғаушы күші, – деді Пак Чжин.

Кездесу барысында әңгіме жаһандық және аймақтық күн тәртібіне, халықаралық құрылымдар аясындағы өзара қарым-қатынасқа қатысты өзекті мәселелер жайлы өрбіді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ПРЕЗИДЕНТ: АЛМАТЫ САПАРЫ

БОЛАШАҒЫ ЗОР БАҒДАР

Мемлекет басшысы жас жеткіншектерге жетістіктерге жету жолдары жайлы айтып, оларға сәттілік тіледі

Дарын мен қабілетті дамытатын орта

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматы қаласына сапарының екінші күні Наурызбай ауданында орналасқан мектеп жасындағы балаларға арналған инновациялық шығармашылық орталығының жұмысымен танысудан басталды.

Үш қабатты ғимаратта орналасқан инновациялық шығармашылық орталықта 1000-нан астам бала бір мезгілде түрлі үйірмеге және спорт секциясына қатыса алады. Бұдан бөлек, мұнда психологиялық-педагогикалық түзету, дефектолог, логопед кабинеттері жұмыс істейді, сондай-ақ 300 орынды көрермен залы, медиакөрме, интерактивті ойын және коворкинг алаңдары бар. Орталықта оқушыларды ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық шығармашылыққа баулып, олардың экологиялық-ботаникалық дүниетанымын кеңейтетін, болашақ мамандығын таңдауына бағыт-бағдар беретін клубтар мен үйірмелер жұмыс істейді.

Мемлекет басшысына Орталықтағы кәсіби бағдарлау кабинетінің және авиамоделдеу, виртуалды зертхана, баламалы энергия көздері секілді үйірмелердің жұмысы таныстырылды. Президент жеткіншектермен әңгімелесіп, оларды мерекесімен құттықтады. Сондай-ақ, балалардың дарынын, қабілетін дамыту үшін осындай орталықтар өте қажет екенін атап өтті. Балалар өздеріне ұнаған іспен айналысса, өмірде үлкен жетістікке жететінін, қоғамда құрметті азамат атанатынын айтып, оларға сәттілік тіледі.

Алматы әкімінің орынбасары Әсем Нүсіпова Мемлекет басшысына қаладағы қосымша білім беру саласының дамуы жөнінде баяндады. Оның айтуынша, қазіргі кезде шаһарда қосымша білім беретін 17 мекеме бар. Мектеп жасындағы 320 мың баланың тек 10 пайызы тегін үйірмелермен және спорт секцияларымен қамтамасыз етілген. Президенттің тапсырмасы бойынша «100 заманауи оқушылар сарайын салу» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында Алатау ауданында тағы да осындай инновациялық шығармашылық орталық салынды. Сонымен қатар, осындай нысандардың балаларға қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Түркісіб және Бостандық аудандарында бұрынғы ескі оқушылар сарайының орнына жаңадан даму және шығармашылық орталықтарын салу жоспарланған. Жалпы, қала басшылығы 2025 жылдың соңына қарай тегін қосымша біліммен қамту көрсеткішін 25 пайызға жеткізуді көздеп отыр.

Бала құқығын қорғау және денсаулығын сақтау жүйесін нығайту аса маңызды

Мемлекет басшысының Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Аружан Саинмен кездесуі барысында балалардың денсаулығы мен әлеуметтік тұрғыда қорғалуына, сондай-ақ



балаларға жасалатын зорлық-зомбылыққа қарсы іс-әрекетке қатысты өзекті мәселелер талқыланды.

Президентке Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің атқарған қызметі туралы есеп берілді. Мемлекет басшысы кәмелетке толмаған балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін пәрменді шаралар қабылдау, сондай-ақ жетім балалардың құқығын қорғауға берілген кепілдікті сақтау, мүмкіндігі шектеулі балаларды қолдау маңызды екеніне назар аударды. Балалар құқығын қорғау және денсаулығын сақтау жүйесін нығайту аса маңызды екенін атап өтті. Сондықтан балаларды қорғауға қатысты барлық ұсыныс пен бастаманы жүзеге асырмас бұрын мұқият зерттеу қажет. Туындаған түйткілдерді шешуге тікелей атсалысу үшін Бала құқықтары жөніндегі уәкілдің жергілікті жердегі жұмысын жандандыру керектігіне маңыз берілді. Президент Бала құқықтары жөніндегі уәкілге бірқатар міндет жүктеді. Атап айтқанда, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды күшейту, балаларға қатыгездік жасау фактілеріне дер кезінде мән беру, буллингке қарсы күресу, балалар мен жасөспірімдер арасындағы суицидке итермелейтін әрекеттердің алдын алу, арнайы білім алуға мұқтаж

балаларды қолдау, сондай-ақ жетім-балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды баспанамен қамтамасыз ету мәселелеріне баса назар аударуды тапсырды.

Дамыған қоғамдық көлік жүйесі – сапалы қала тіршілігінің ажырамас бөлігі

Президент «Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС басқаратын ONAY электронды билет сату жүйесімен және Алматы қаласындағы қоғамдық көліктерді диспетчерлік басқару орталығының жұмысымен танысты.

Мемлекет басшысына қоғамдық көліктерде электронды төлем жүйесін енгізу және бүкіл үдерісті автоматтандыру нәтижесінде жолаушы тасымалы саласында көлеңкелі ақша айналымы айтарлықтай азайып, көлік кәсіпорындарының табысы бірнеше есе артқаны жөнінде баяндалды. 2016–2022 жылдары аталған саланың жылдық қаржы айналымы 2,7 есе, яғни 10 миллиард теңгеден 26,8 миллиард теңгеге дейін өсті. Осы жылдары қоғамдық көліктердің саны мен сапасы артты. Сонымен қатар, қоғамдық көліктердің уақыт тәртібін сақтауы 95 пайызға дейін жеткен.

Президент дамыған қоғамдық көлік жүйесі сапалы қала тіршілігінің ажырамас бөлігі екенін атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев осы саланы одан әрі реформалаудың маңыздылығына, жолаушылар тасымалының сапасы мен жайлылығын үнемі жетілдіру қажеттілігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жасаған жұмыс сапары барысында «Керуен-Medicus» клиникасының жұмысымен де танысып, медицина мекемесінің клиникалық-диагностикалық бөлімшесін аралап көрді.

Клиникада ересектер мен балаларға амбулаториялық-емханалық, диагностикалық және стационарлық көмек тек ақылы негізде ғана емес, Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (ТМККК) және Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) аясында да көрсетіледі. Мекеме 18 мыңнан астам адамға қызмет көрсетеді.

Президент клиника қызметкерлерімен әңгімелесу барысында арнаулы жоғары технологиялық медициналық мекемелер мен орталықтар ашу маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, олардың аса жауапты еңбегіне табыс тіледі.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ». (Дереккөз: akorda.kz).



● 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ

КӨК ТУДЫҢ ЖЕЛЫРЕГЕНІ– ЖАНЫМА ҚУАТ БЕРЕДІ

«Бағалай білгенге бақ қонады»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мемлекеттік рәміздер күні – бұл азаматтық келбетімізді, бірлік-берекемізді нығайтатын мерекелердің бірі десек, қателеспейміз.

Екі жыл бұрын елімізде Геральдикалық зерттеулер орталығы құрылған болатын. Ол Мәдениет және спорт министрлігінің Архив істері және құжаттаманы басқару комитетіне қарайды.

Орта Азияда, түркі елдері мен Қытайда, Моңғолияда да ұлттық, тарихи музейлер бар, ал геральдикалық зерттеулер орталығы деген жоқ екен. Сондықтан да біздің елдегі аталмыш орталықты Азия аумағында геральдикумен айналысатын жалғыз мекеме десек, қателеспейміз.

Жалпы, геральдика мәселесіне мемлекеттік рәміздерден бастап, өңірлік нышандар, ою-өрнек, тарихи таңба (тастағы тарихты зертеу), бәрі жатады. Бүгінде орталық бірнеше бағыт бойынша жұмыс істеп жатыр. Зерттеумен қатар, мемлекеттік рәміздерді насихаттап, елімізде берілетін ведомстволық наградаларды сараптаумен айналысады.

Орталық былтыр «Қазақ геральдикусы» деген кітап-альбом шығарды. Алдағы уақытта серия-сериямен, том-том етіп шығаруды көздеп отыр.

Орталық жанынан ашылған «Тарих және таңба» атты ютуб-каналы да тұрақты жұмыс істеп тұр.

Туымыз Тәуелсіздігіміздің 30 жылында әлемдік түрлі деңгейдегі байрақты бәсекелерде 4600 рет көтерілген екен және Антарктида мен Арктикада, Оңтүстік, Солтүстік полистерде тігілген. Маңдайалды ғарышкерлеріміз – Талғат Мұсабаев пен Айдын Айымбетов ғарышқа алып шыққан.

Бәрімізге мәлім, тәуелсіздік жылдарындағы Тудың түсі үш рет өзгертілді. 1992 жылы орнаменттегі оюы қызыл түсті болатын. Кейін сарыға өзгертілді. Ал соңғысында қошқар мүйіз оюына ауыстырылып, алтын түстес болып шықты. Мемлекеттік Туымыздың түсі көгілдір, ортасында шұғыла шашқан күн, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген. Геральдика дәстүрінде әрбір түс адам бойындағы адалдық, тазалық, сенімділік сияқты қасиеттерді білдіреді. Күн – байлық пен молшылықты, күш-қуатты бейнелейді. Ал күн астында қалықтаған бүркіт мемлекеттің еркіндігін, тәуелсіздігін, биік мақсаттар мен жарқын болашаққа деген ұмтылысын меңзейді. Тудың сабының тұсына тігінен ұзына бойына кескіндел-

• Туды зерттейтін ғылымды «вексиллология» дейді.

• Бүкіл мемлекеттік Ту тіктөртбұрыш пішінді. Соның арасында Непальдікі ғана екі үшбұрыштың қосындысынан тұрады.

• Соғыс кезінде Филиппин өзінің мемлекеттік символын төңкеріп қояды.

• Қаралы күнде көптеген ел Туын төмен түсіретіні белгілі. Ал Сауд Арабиясында мұндай дәстүр жоқ.

• Халықаралық құқық бойынша ақ ту бейбіт келіссөз символы саналады. Оны алып жүруші адамға қарата от шашу құрметсіздікпен, қылмыспен тең.

ген ұлттық өрнектер Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрін символдық тұрғыда бейнелейді.

Елтаңбамызға келетін болсақ, әлемдік рейтинг бойынша әдемілігі, тартымдылығы жағынан 9-шы орында тұр. Елтаңбамыздың түсі 2018 жылы өзгертілді. Алғашқысында бұрынғы түсі қоңырлау болатын. Кейін алтын түстес болды және кириллицамен жазылған «Қазақстан» деген жазуы латын тіліне ауыстырылды. Алтынның түсі – байлықтың, әділдіктің және кеңпейілділіктің символы.

Мемлекеттік Елтаңбаның орталық геральдикалық элементі – көгілдір түс аясындағы шаңырақ бейнесі. Шаңырақты айнала күн сәулесі секілді тараған уықтар шанышылған. Шаңырақтың оң және сол жағына аңыздардағы қанатты пырақтар бейнесі орналастырылған. Жоғарғы бөлігінде – көлемді бес бұрышты жұлдыз, ал төменгі бөлігінде «Qazaqstan» деген жазу бар.

Шаңырақ – киіз үйдің басты жүйе құраушы бөлігі, яғни елімізді мекендейтін барлық халықтың ортақ қонысының, біртұтас Отанының символы. Қанатты тұлпарлар батылдықты, ерік-жігерді танытады. Елтаңбамыздағы тағы бір деталь – бес бұрышты жұлдыз. Жұлдыздың бейнеленуі қазақстандықтардың әлемнің барлық халқымен ынтымақтастық пен серіктестік орнатуға ниетті ел болуға деген талпынысын танытады.

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



Жандарбек МӘЛІБЕКОВ,
Қазақстан Республикасы Елтаңбасының авторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

Қадірлей білейік!

Қазіргінің жастарына көп оқу керек дер едім. Неғұрлым жас кезде ақыл, білім жинау керек. Жасымда Тұрмағамбет Ізтілеуұлының нақыл сөздерін оқып өстім. Тұрмағамбет аударған «Шахнамада» жалпы Шығыстың асыл қазынасы тұнып тұр десем, қателеспеймін. «Мың бір түнді» аударған Қалмақан Әбдіқадыровтың, атақты өнер иесі Нартай Бекежановтың көзін көрдім. «Алпамыс», «Ер Тарғын» жырларын жаттап өстім. Олар құлағымда қалмаған болса, Елтаңбадағы қанатты тұлпар туралы қайдан білемін?!

Әлемнің әр қиырында әлі күнге өз Туы, Елтаңбасы, Өнұраны жоқ ұлттар да бар. Ал Қазақ елі атамекеніне бөгде жерден көшіп келген жоқ, ешқайда көшіп кеткен жоқ. Осынау Ұлы далада елдігін, салт-санасын, дәстүрі мен мәдениетін қалыптастырды. Сондықтан ой-санамызды, рухани дінгеімізді күшейте түсетін Туымызды, Елтаңбамызды, Өнұранымызды қадірлей білейік дегім келеді бүгінгі ұрпаққа.

Алуа ТАҢЖАРЫҚОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ, филология институтының директоры:

Мерейлі мереке

Біз – Ту, Елтаңба, Өнұранды ұлықтауға тиісіміз. Мемлекет аталған нышандардан тұрады. Жас ұрпақты мектеп жасынан бастап, патриоттық сезімге баулыған абзал. Мұның астарлы мағынасы бар. Символикаға толы қасиеті байқалады. Біз үшін кең жазираның күдіреті шексіз. Барымыз бен нарымызды қадірлей білейік.

Жастармен көп жұмыс істейміз. Әртүрлі іс-шара ұйымдастырылады. Соның ішінде отансүйгіштік бағытта, рухты көтеретін дүниелерді дәріптей берсек, нұр үстіне нұр. Қайда жүрсек те, қасиетті елдің ұланы екенімізді ұмытпайық. Өйткені, түркі жұртының қара шаңырағы талай дүлдүлді шығарды. Ғаламға танытты. Ендеше, осындай парасат биігіне көтерілуге рухани дем берген қастерлі Отан деп білеміз. Осы айтылған ұғымдар рәміздерімізде айқын көрініс берген. Қазақы таным-түсінікте «Бағалай алғанға бақ қонады» дейді. Аталған ойдың астары тереңде.

Мерейлі мерекеміз құтты болсын. Айбыны асқақ еліміз өркениетті елдер санатына қосыла бергей!

Сейілбек ИКРАМБАЙҰЛЫ,
фольклортанушы:

Символикалық мәні бар

Алғаш тәуелсіздік алған тұс есімізде. Қиыншылық дағдарысы басталды. Бірақ жұрттың көңіл күйі айрықша болды. Дағдарыс қысса да, дербес ел атандық. Сол уақытта жаңадан рәміздер таныстырылды. Мемлекеттік жиындар тікелей эфирден көрсетілетін. Парламентте мемлекет және қоғам қайраткерлері рәміздер туралы әртүрлі сала бойынша заң қабылдап жатты. Академиктер Сұлтан Сартаев, Салық Зиманов, Жабайхан Әбділдиндер заңды талқылайтын. Сол кездегі Жоғарғы Кеңесте жалпы саны 13 академик депутат болыпты. Олар нағыз өткен тарихты білетін, ұлтжанды тұлғалар еді. Себебі, қазақы ойлау, пайымдау ұлт үшін әр уақытта да бәрінен биік тұратын.

Бір сөзбен айтқанда, Мемлекеттік рәміздердің символикалық мәні зор. Елімізге береке, бірлік, құт дари берсін деп тілеймін.

Темірлан ӘШІМ,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

Рухымызды көтереді

4 маусым – айрықша күн. Жаздың жайма-шуақ мезгілімен сәйкес келіп тұр. Мектепте осы күні түрлі шара өтеді. Жыл сайын оқушыларға бұл күннің маңазын айтуды жалықпаймыз. Әрқашан әспеттеп, құрметтеу керектігін айтамыз.

Көк байрақ дархандығымызды көрсетеді. Аспан кеңістігі, күн шуағы, алтын қыран, ұлттық ою-өрнек, баршасы өзара үйлесім тапқан. Той-жиындарда «көк аспанымыз ашық, күніміз жарық, бейбіт заман болсын» деп текке айтпайды. Бұл халықтың шынай тілегінің көрінісі. Ал Өнұран шырқалғанда тұла бойынды қуатты рух кернейді. Өзім спорт жаңалықтарын қарағанды ұнатамын. Сонда спортшыларымыз әлемдік додаларда атой салып, топ жарып жатады. Сол кезде Көк Туды көтеріп, Өнұран шырқалғанда сондай маркайып қаламыз.

Әзірлегендер Нұржамал ӘЛШЕВА, Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



САРАПТАМА

ШОЛПАН-АТА САММИТИ:

әлемдегі ең үлкен ойыншылар және аймақтың тегеурінді, теңгерімді бағыты

Орталық Азия елдерінің басшылары мен Еуроодақ Кеңесінің төрағасы кеше, 2 маусымда Қырғызстанның Шолпан-Ата қаласында ашылған екінші «Орталық Азия – Еуропалық одақ» саммитінде бас қосып, өзара ынтымақтастық бағдарларын талқылады. Сондай-ақ, әлемдегі қызып тұрған тақырыптар төңірегінде әңгіме өрбітті. Байқасаңыздар, әлемдегі ең үлкен ойыншылардың бізді қамтыған аймақпен мүдделік қарым-қатынастары артты. Бұған дейін АҚШ пен Қытай да аймақ елдерімен 5+1 форматында бас қосқан болатын. Яғни жыл басынан бері бұл тұрғыдағы іс-қимылдар тіпті де жиілей түсті.

Естай
БОЖАН

Міне, «Орталық Азия – Еуропалық одақ» саммитінің маңызы да осында. Стратегиялық бәсекелестіктің қарқынды ағыны мемлекетіміз бен қоғамға түрлі сұрақтардың жауабын табуға міндеттейді. Әсіресе, қоғам тарапынан күрделі жағдайда жасалып жатқан мемлекеттік қадамдарды дұрыс түсініп, әділ бағалау аса маңызды. Бұл ретте саяси салмағы үлкен осынау алқалы жиынға қатысты біздің сауалдарымызға орай сарапшыларымыз не дейді?

1. Шолпан-Атадағы саммиттің, жалпы ОА – ЕО арасындағы қарым-қатынастың маңызы мен мәні неде? Саммит тақырыптарының басым бағыты қандай?

2. Сыртқы ойыншылардың іс-қимылдарының артуы аймаққа қандай пайда әкеледі? Қазақстандық және аймақтық ұстаным қандай болуы керек? Өзге күштердің әрекеті аймақтағы Ресей ықпалын әлсірете ала ма?

Жұмабек САРАБЕКОВ,
Әлемдік саясат және экономика институтының сарапшысы:

ӘРІПТЕСТІКТІҢ ҮШ БАҒЫТЫ



1. Еуропалық одақ пен Орталық Азия арасындағы әріптестік үш негізгі бағытта дамуда. Оның біріншісі – энергетика. Еуропа үшін қазір балама энергия көздері керек. Басты энергия экспорттаушы ел Ресей еді, Украинадағы дағдарысқа орай бұл байланыстар үзіліп жатыр. Осы тұрғыда Орталық Азия өзіндік рөл ойнауы мүмкін. Екіншісі – транзиттік бағытта, бұдан да Украинадағы соғыстың әсерін көруге болады. Еуропа үшін Қытаймен экономикалық байланыстар өте маңызды, әрі екі алып экономика арасындағы Ресей арқылы өтетін құрлық транзиті соғыстан кейін үлкен қиыншылықтарға ұшырады, бірден-бір альтернативті жол, ол – Транскаспий бағыты. Қазір тауар айналымын осы дәлізге бұруға деген қызығушылық оянып жатыр. Бұның өзі екі аймақ арасындағы әріптестікті күшейтуге алғы шарт. Үшіншіден, еуропалықтар 2021 жылы желтоқсанда Global Gateway бағдарламасын ұсынды, яғни «Жаһандық қақпа» жобасы. Соның аясында да тараптар ынтымақтастықты дамытып жатыр. Кезекті саммитте осы бағыттарға басымдық беріледі. Саяси тақырыптарына келсек, ол әрине, санкциялар мәселесі. Менінше, бұл Еуропа үшін де, біз үшін де өте маңызды тақырып. Ерте ме, кеш пе санкциядан жалтарудың [Ресей жағынан, – Е.Б.] салдары болады, қандай да бір ел немесе компания санкция құрсауында қалуы мүмкін. Менің ойымша, Еуропалық одақ біздің аймақ үшін көпвекторлық саясатта ажырамас бағыттың бірі.

2. Аймақ түрлі стратегиялық қиыншылықтарға қарамастан, Ресеймен және Қытаймен шектеліп қана қалмай, көпвекторлық саясат жүргізуі керек. Еуропалық инвестициялар керек, қажетті сәтте Еуропаның саяси қолдауы керек дегендей. Еуропа мен АҚШ аймаққа контр-баланс тұрғысынан аса қажет. Қазақстан үшін айтқанда, тәуелсіздік жылдарында елге 370 миллиард көлемінде инвестиция келіп түскен. Соның жартысынан көбі Еуропаға тиесілі. Ұлттық банк мәліметіне қарасақ, 2005 жылдан бастап 162 миллиардтан астам инвестиция салған, бұл өте үлкен көрсеткіш. Экономикамыздың бүгінгі

деңгейінде де мұның салымы жоғары. Қазіргі түрлі сыртқы күштердің қатысуында аймақ елдеріне келтіретін пайдасын айтқанда, біз үшін таңдаудың көбейетінін атай аламыз. Мысалға, цифрландыруды айтсақ, 5G технологиясы Қытайда бар, әрі оны Еуропа да ұсынып отыр. Біз қытайлық технологиялармен шектеліп қалмай, еуропалық баламаларын әкеле аламыз. Яғни бұл қауіпсіздік мәселесіне саяды.

Қауіп тұрғысынан, турасын айтқанда, Орталық Азия әлемге соншалықты өте маңызды саналмайды, біздің географиялық орналасуымыз, аймақтағы демографиялық көрсеткіштер салыстырмалы төмен. Қазіргі әлемнің басты назарында Азия – Тынық мұхит аймағы тұр, бүкіләлемдік экономика сол жақта. Қазіргі геосаяси маңызымыздың артуын уақытша деуге болады. Украинадағы қақтығыстың аясында бізге деген қызығушылық өсуде. Ол қандай қауіп туғызады десек, геосаяси конкуренция күшейген сайын, әрбір ойыншы өзінің мүддесіне зиян тиетін жағдайда қарсы қимылдар қабылдауы мүмкін. Мысалы, аймақтағы кей өзгерістерге Ресей мен Қытай дұрыс қарамауы мүмкін дегендей. Бұл енді аймақ үлкен бір қақтығыс нүктесіне айналып кетеді деген сөз емес. Аймақ елдері АҚШ, Еуропамен ынтымақтастықта көбінесе экономикалық әріптестікке басымдық береді, бір тараппен келесі бір тарапқа бағытталған әскери базалар ашу деген секілді қарсылық әрекетіне барып жатқан жоқ. Яғни біздің де ұлттық мүддеміз бар, позициямыз түсінікті, Ресейге де, Қытайға да «Біз сендермен де жұмыс жасаймыз, бірақ басқа да әріптестеріміз бар» деген бағдар.

Ресейлік сарапшылар арасында АҚШ Еуропамен жақындасып кетсе, «аймақта түрлі-түсті революциялар болады» деген көзқарастар жиі айтылады. Біздің тұжырымдауымызша, міндетті түрде олай болуы керек емес, инвестиция, экономика бойынша басқа әріптестерімізбен де қарым-қатынасты сақтап қаламыз. Аймақ соңғы 30 жыл ішінде осылай жұмыс жасап келеді.

Өзге ойыншылардың аймақтағы іс-қимылдарының артуы Ресейдің ықпалын әлсірете ала ма дегенге келсек, бұл мәселеге көп факторлар арқылы қарау керек дер едім. Ең алдымен, Ресей экономикасы алдағы уақытта қалай дамиды? Соғыс басталған кезде көптеген Батыс сарапшылары Ресейде үлкен дағдарыс болатынын болжаған еді. Бірақ бір жыл өткеннен кейін байқағанымыз, Ресей қатты бір ауыр дағдарысқа ұшырай қоймады. Десе де, алдағы уақытта қарқынды экономикалық өсім көрсетуі және екіталай. Демек, нәтиже елдің экономикасы, әскери қуаты қандай болады, миграциялық ағым қалай өзгереді деген түрлі факторларға қатысты болмақ. Егер Ресей Украинадағы соғыстан жеңілетін болса, бұл оның аймақтағы ғана емес, әлемдегі позицияларын әлсіретуге алып келеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлкей МАРҒҰЛАНҰЛЫ,
халықаралық қатынастар бойынша сарапшы:

КӨПВЕКТОРЛЫ САЯСАТ – ӨМІР ТАЛАБЫ



1. Еуропалық Одақ Орталық Азия мемлекеттерін географиялық орналасуы, мол энергетикалық ресурстары мен аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету факторларын ескеріп, қатынастарды стратегиялық әріптестік деңгейінде дамытты. 2012 жылдан бастап Еуропалық Одақ аймақ елдеріне 120 миллиардтан аса инвестиция құйып, тікелей шетел инвестициясының 40 пайызын қамтамасыз етті. Бұл – саммиттің құрылуына объективті негіз.

2022 жыл әлем үшін оңай жыл болмады. Ресей мен Украина арасындағы соғыстан кейін Орталық Азия мемлекеттеріне жаңа геосаяси және геэкономикалық қатерлер пайда болғанын байқаймыз. Еуропаға сатылатын тауарлар мен қызмет түрлерін жеткізудің баламалы жолдарын табу, жаңа көлік дәліздерін дамыту – аймақ елдері үшін негізгі басымдыққа айналды. Дәліздердің ішінде аймақ елдері, Орталық дәліз атанып, әртараптандыру саясатында үлкен державалардың экономикалық мүддесіне қызмет ете отырып, өзінің де үлесін ала алады. Сол себепті, аталған кездесудің күн тәртібіндегі негізгі сұрақтар: энергетикалық және сауда ынтымақтастығы, аймақтағы жаңа қауіпсіздік сындары және көлік логистика мәселелері болады деген болжам бар.

2. Бес елдің бірін-бірі қамтамасыз ететін табиғи ресурстар, солтүстіктен оңтүстікке, шығыстан батысқа апаратын географиялық жолдар, ең бастысы аталған әлемдік державалардың сыртқы саяси және сыртқы экономикалық мүдделерін қабылдайтын саяси

менеджмент, яғни мемлекет басшылары бар. Осы тұста әр мемлекетпен жеке келісімге келгеннен гөрі, бір келісім үстелінде бәрімен тең сөйлесіп, ортақ шешімге келу пайдалырақ болып отыр. АҚШ әр елдің тәуелсіздігі мен территориялық тұтастығына мән беріп, Ресейден тыс жеке дербес аймақ құруға ұмтылса, Қытай аймақты өзінің энергетикалық импортерлері, «Белбеу және жол» жаһандық стратегиясының бір торабы, Таяу Шығыс, Еуропаға шығатын көліктік хабы және Ауғанстаннан тарайтын діни экстремизм және терроризмнен қорғап тұратын аймағы ретінде көреді. Еуропалық Одақтың да сыртқы саяси және экономикалық мүдделері энергетика, климат және экология, әлеуметтік экономикалық даму салалары, бизнес орта мен кәсіпкерліктің реформалары мен адам құқықтары секілді гуманитарлық бағыттарға арналған.

Аймақ елдеріне Ресеймен қатынас маңызды. Оны жокқа шығара алмаймыз. Бірақ дәл қазіргі жағдайда Ресей біздің елдер үшін көбінде «экономикалық тиімсіз» әріптес. Себебі, елдерге кіретін қомақты инвестиция Ресейге қарсы 11 пакет санкция жариялаған Еуропалық Одақ елдерінен келіп отыр. Әр санкция тек Ресей тауарларының сыртқы экспортқа шығу нарығын тарылтып қана қоймай, экономиканы, қаржы монетарлық жүйесін іштей әлсіретуді көздеп отыр. Осыны ескерсек, аймақ елдерінің сыртқы сауда әріптестерін әртараптандырудың мүмкіндігі туып отыр. Саяси және әскери, ақпараттық тұрғыда Ресейдің әсері әлі де қомақты. Бірақ экономикалық және ғылыми жаналықтар жасап, оны өндіріске енгізуде Еуропа елдерінің, АҚШ пен Қытайдың үлесі жоғары. Сол себепті, Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары кімді тандайтыны прагматикалық тұрғыда түсінікті деп ойлаймын. Қазақстанның сыртқы саясатта ұстанатын «көпвекторлық» саясаты теориялық тұрғыда әдемі сөз емес, тіршілік шындығынан туындаған өмір талабы екенін осыдан түсінуге болады.



СӘТ САПАР!

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ СЫҢҒЫРЫ

Мектеп бітіруші түлектер білім ұясымен қоштасты



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақ білімінің қарашаңырағы, атақты Ш.Уәлиханов атындағы №12 мектеп келер жылы өзінің 100 жылдығын тойлағалы отыр. Осынау ғасырға жуық уақыт ішінде бұл киелі шаңырақтан қазақтың маңдайына біткен талай тұңғыш түлеп ұшты. Аңызға айналған алтын ұя қазақтың талай мықтыларының қолына қалам беріп, қара танытты. Кезекті мектеп түлектерін ұшырғалы отырған білім ұясы «Бақытты балалық мекені» атты соңғы қоңырау салтанатын өткізді. Салтанатты іс-шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев қатысты.

Бұл күні айтулы білім ұясының ауласы шын мәнінде бақытты балалықтың думанды мекеніне айналды. Аула төрі бақытты ұрпақты шат күлкісіне толып, төңіректі көңілді әуен кернеген. Әсіресе, мектеп бітіруші тү-

лектердің жүзіндегі қимастық пен толғанысты аңғару қиын емес. Үлкен өмірге аттанғалы тұрған түлектер ұстаздарын қимай құшақтап, жанарларына жас үйірлді. Мектеп бітіруші түлектер осындай қимас сәтті басы-

нан кешсе, басқа оқушылар жазғы демалыстың басталғанына қуанып жатты.

«Соңғы қоңырауға» арналған салтанатты жиын мектептің 1943 жылғы түлегі Н.Тілендиевтің «Өз елім» әнімен басталды. Ортаға 11-сынып түлектері мен «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» атанған дарынды оқушылар шықты.

– Біз бүгін толғанысқа толы, керемет сәтті бастан кешіп тұрмыз. Өзінің ғасырға жуық тарихында білім ордасы талай атақты тұлғаны түлетті. Міне, бүгін де кезекті түлектерін ұшырғалы отыр. Мен қала басшысы Ерболат Досаевтың сіздерге деген құттықтауын жеткізе отырып, алдағы сынақтардан сүрінбей өтулеріңізге тілектеспін. Өмір деген асулар мен белестерден

тұратын үлкен даңғыл жол іспетті. Қайда жүрсеңіздер де, алтын ұяларыңыз атақты №12 мектепті ұмытпаңыздар! Біз №12 мектептің түлегіміз деп мақтанышпен еске алып жүріңіздер! – деді қала әкімінің орынбасары А.Қырықбаев.

Бұл киелі қара шаңырақ кезінде К.Байсейітова, Ә.Қастеев, А.Қарсақбаев, П.Тәжібаева, Қ.Қармысов, Н.Тілендиев, Ә.Бейсейұлы, Т.Тасыбекова, тағы да басқа талай талантты ұл-қызға тәрбие мен білім берсе, бүгінгі таңда тәуелсіз елдің ұландарын білім нәрімен сусындатып отыр.

Салтанатты жиын мектеп оқушыларының хоры орындаған «Менің атым Қожа» фильміне арнап жазылған «Туған ел» әнімен аяқталды.

МЕКТЕППЕН ҚОШТАСУ

АҚ ЖОЛ САҒАН, ЖАС ТҮЛЕК!

Ұстаздардың өз шәкірттерін үлкен өмірге қанаттандыратын салтанатты сәт өтті



Еліміз Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары ашылған білім ұяларының бірі – Әуезов ауданындағы №175 «Жаңа ғасыр» мектебі. Бұл мектептің ерекшелігі ашылған күннен бастап, атына сай өзіндік өзгешелігі бар білім ұясына айналды. Осылайша білім саласының көсегесін көгертіп, оның дамуына еселеп үлес қосқан мектеп Алматының ғана емес, еліміздің де мақтанышына айналды. Соңғы қоңырау жиынына Мәжіліс депутаты Ринат Зайытов қатысты.

Бұл күнде аталмыш мектеп түлектерінің алды нағыз маман атанып, еліміздің барлық саласының дамуына өзіндік үлесін қосып жүр. Салтанатты жиында алғашқы сөз кезегін алған Әуезов ауданының әкімі Абзал Егембердиев мектеп бітіруші түлектерге ізгі тілегін білдірді.

– Алда үлкен сынақ – мемлекеттік емтихан. Ұлттық бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтулеріңізге тілектеспіз. Алған білімдеріңіздің

арқасында таңдаған оқу орнын студенті атанып, қалаған мамандық иесі болыңыздар, – деді аудан басшысы.

Осынау қимастыққа толы сәтте ортаға шыққан 11-сыныпты бітіруші түлектер өз өмірлеріндегі ең сәулемді сәттердің куәсі болған алтын ұяға деген інкәр сезімдерін ерекше тебіреніспен жеткізіп жатты. Күні кеше мектеп табалдырығын аттаған 1-сынып оқушылары да түлектерге деген тілектерін

білдірді. Білім нәрімен сусындаған мектебіне арнайы келген гимназияның өткен жылғы түлектері, «Алтын белгі» иегерлері, бүгінде жоғары оқу орнының студенті атанған Бауыржан Альмира мен Абылкасым Әлижан 10-сыныптықтарға «Ақыл мен парасаттылық» символы «Үкіні» табыс етті.

Келесі кезекте мектеп басшысы, Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері Жазира Аяпбергенқызы балалық шақпен қоштасып, үлкен өмірге қадам басқалы тұрған түлектерге осынау естен кетпес ерекше күнгі айтылған ақ тілектер мен ізгі армандар орындалсын деп, тілектестігін білдірді.

Салтанатты жиын соңында мектеп бітірушілері әсем әуен ырғағымен «Түлектер вальсін» тербеле биледі.

Қаламыздағы алдыңғы қатарлы білім ұяларының бірі – Ы.Алтынсарин атындағы №159 гимназияда оқу жылының аяқталуына орай «Үнінен айналайын, күміс қоңырау» атты салтанатты жиын өтті. Аталмыш кешке елімізге белгілі тұлғалар, еңбек ардагерлері мен атаналар қатысты.

Еліміздің білім саласына еселеп үлесін қосып жүрген мектепті биыл 113 түлек бітіргелі отыр. Олардың –12-сі «Алтын белгіден» үміткер болса, 21-і «Үздік аттестаттан» үміткер. Әсем әуенмен әрлеп, күмбірлеген күймен көмкерілген кеш барысында мектеп ұжымының оқу жылында қол жеткізген табысы, өнерпаз балалар мен жас спорт-

шылардың көрсеткіштері кеңінен сөз болды. Үлкен өмірге аттанғалы тұрған түлектерге ізгі тілектер арналды.

Мектеп бітіруші түлектер ауланы керней соғылған күміс қоңыраудың ең соңғы үніне құрмет көрсетіп, қимастықпен қол соқты.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



БАЙҚАУ

«ЖАС ҚАНАТ» БАСТАЛДЫ

Алматыда республикалық жас орындаушылар байқауы өтіп жатыр



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Байқауға еліміздің барлық өңірінен 16–27 жас аралығындағы жас таланттар қатысуда. Қатысушылардың қойылымдарын дирижерлер Александр Беляков пен Илья Башкатовтың жетекшілігімен музыкалық оркестр сүйемеледі.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Байқаудың мақсаты – жас өнерпаздар мен әншілік өнерге бейімі бар жас өрендерді тарту. Олардың өнер атты айдындағы бағын ашу болып саналады. Бұған қатысушылардың басты мүддесі өз өнерін көрсетіп, болашақтағы бағытын айқындау болып табылады.

– Бұл байқаудың маңызы жоғары. Жан-жақтан келіп жатқан өнерпаздарға алғысымыз шексіз. Биылғы жобаның жөні бөлек болғалы тұр. Кіл мықтылар жиналыпты. Осындағы кішкентай бүлдіршіндерімізді көріп қуанып отырмыз. Қатысушылардың ата-аналары, туысқандары, достары қолдау білдіріп келіп отыр. Кім ұтса да, мықты жеңсін, – деді медиаменеджер Арманжан Байтасов.

Сонымен қатар, дәстүрлі жобаның ұдайы қатынасушылары өз ойын білдірді. Сондай-ақ, шәкіртін қанаттандырып, өз лебізін жеткізді.

– «Жас қанат» байқауына кезінде өзім де қатысқанмын. Оған да 20 жыл уақыт өтті. Бүгінде өз шәкірттерімді тәрбиелеп, ән додасына қосып жүрмін. Бұйырса, үкілеген үміттеріміз топ жарар деген ниеттеміз, – деді ұстаз Айгүл Әбдірашитқызы.

БАЛАЛАР ҰЙЫМЫ

ҰЛАНДАР МЕН ҚЫРАНДАР

жаңа мүшелермен толықты

Рәміздер күніне орай Оқушылар сарайында қала мектептерінің ең үздік оқушылары «Жас қыран» және «Жас ұлан» республикалық балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылданды. Осылайша Республикалық балалар мен жасөспірімдердің «Жас қыран» мен «Жас ұлан» ұйымының қатары жаңа мүшелермен толықты.

Рая
ЕСКЕНДІР

Елімізде 2011 жылы «Жас Ұлан» ұйымы құрылған еді. Жас ұрпақты отансүйгіштікке баулу мақсатында жүргізілген ұйымның жұмысы қоғамнан қызу қолдау тауып, патриотизмнің үлкен бір мектебіне айналды. Ұйымның қос қанаты іспетті – «Жас қыранға» кіші буын мүшелері – 1–4-сынып оқушылары, ал «Жас ұланға» аға буынның мүшелері – 5–10-сынып оқушылары қабылдана бастады. Бүгінде оның қатарында еліміздің ең өнегелі де, оқуда озат он мыңнан астам оқушысы бар.

Ұйымның негізгі мақсаты – балалар мен жасөспірімдерді толеранттылық пен қазақстандық патриотизмге, Отанға деген сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу. Осылайша ұйым жас ұрпақтың бойына ізгілік дәнін егіп, сапалы білім мен өзін-өзі талмай жетілдіру жолына деген ұмтылысты қалыптастыруды көздеп отыр.

Жиында алғашқы сөз кезегін алған «Жас ұлан» ұйымының қала бойынша төрағасы Бауыржан Бектаев алып, ұйымның жаңа мүшелерін құттықтады. Оларға зор сенім білдіріп, еліміздің патриоты болуға шақырды.

Аталмыш іс-шараның құрметті қонақтары – Медеу аудандық Аманат партиясының мүшесі А.Болатұлы, Білім басқармасының «Адамгершілік-рухани тәрбие және өзін-өзі тану бөлімінің» басшысы Ж.Сағындықова, №168 мектеп-гимназия директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Қ.Серікбайқызы, Оқушылар сарайы директорының тәрбие жөніндегі орынбасары Е.Тагильцова ұйымға мүше болған оқушылардың мойнына байрақ түстес галстуктер тағып, арнайы төсбелгіні табыс етті.

СПОРТ

ҚЫЗДАР АЛАҢҒА ШЫҚТЫ

«Алматы аруы–2023» байқауының финалистері мен блогерлер футбол матчын өткізді

Алматыда алғаш рет «TikTok» жұлдыздары мен «Miss Almaty 2023» байқауының финалистері құрамалары арасында футболдан жарыс өтті. Спорттық кездесуді «Miss Almaty» сұлулық және талант байқауының дирекциясы мен «UKIDS» білім беру орталығы ұйымдастырды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ұйымдастырушылардың айтуынша, жастар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыруда осындай жарыстар жиі болуы керек. Мақсаты – қыздардың футболға деген қызығушылығын ояту.

«Бұл спорттық іс-шара салауатты өмір салты мен спортты насихаттауға бағытталған. Осындай турнирлерді жыл сайын өткіземіз. Жақсы дәстүрге айналады деген үміттенеміз», – деді Алматы қаласы Мәслихатының депутаты Қайрат Бегалин.

– Біздің білім беру орталығына «Miss Almaty» сұлулық және талант байқауының дирекциясынан футбол өткізу туралы ұсыныс түсті. Жастар арасында спортты дамыту үшін бұл ұсынысты қуана қабылдадық. Қалада «UKIDS» білім беру орталығының 2 филиалы бар. Бүгінгі іс-шараны ұйымдастырған – Наурызбай ауданы әкімінің аппаратына қарасты орталық», – деді «UKIDS» білім беру орталығының төрағасы Нұралы Қожасов.

«UKIDS» мектебінің директоры Руслан Токтарұлының айтуынша, футболдан



турнир бір күн бұрын 9, 10, 11-сыныптар арасында мектепаралық жарыспен басталған.

«Төрт сағатқа созылған ойында №176 мектеп жеңіске жетті. Жалпы 12 мектептен командалар қатысты. Бүгінде «TikTok» қосымшасының тілін қазақ жастары жақсы меңгерген. Қысқа видеоларды жүктеу арқылы оқырман жинап, табыс көзіне айналдырғандар да бар. Білім беру орталығының оқушылары қазақстандық «TikTok» жұлдыздарын жақсы таниды.

Жастар әлеуметтік желі арқылы тиктокерлерді үнемі бақылап отырады. Оқушыларға үлгі көрсетіп, білім алу мен спортты қатар алуды насихаттау үшін осы шараны өткізуді қолға алдық», – деді мектеп директоры.

Турнирге бұрыннан футболға қызығатын қыздар келген. Қатысушылардың кейбірі бірінші рет футбол ойнап тұрса, енді бірі бұл спортпен бұрыннан айналысады екен. Командасының жеңісі үшін қыздардың бәрі жасыл алаңда барын



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

салды. Ойын барысында 2 футбол командасының ойыншылары бір-бірін мұқият зерттегенін байқауға болады.

«Футбол ойнағанды бала кезімнен бері жақсы көремін. Қазір де ағаммен бірге жиі ойнап тұрамыз. Бұрын үнемі қақпада тұратынмын. Бүгін шабуылшылардың бірі болдым. Дайындық аз болып қалды. Осындай спорттық жарысқа қатысқаным қуаныштымын», – деді «Алматы аруы–2023» сұлулық байқауының финалисі Мәдина Алуханова.



● 4 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕР КҮНІ!

ӘНҰРАН – ЕЛДІКТІҢ ҮНІ!

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында тарих ғылымының кандидаты, Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері, профессор Арман Жұмаділ мемлекеттік рәміздердің қалыптасуы мен тарихи маңызы туралы әңгімеледі.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

«Әр елдің мемлекеттік рәміздерінде халықтың арманы, мұрасы, мақтанышы мен құндылықтары бейнеленуі керек. Қазақстан Республикасының рәміздерінің тамыры тереңде. Елтаңбамызға, Туымызға қарасаңыз, барлық рәміз тарих қойнауынан бізге жеткен тарихи жәдігерлер мен әлемдік білімнің құндылықтары негізінде жасалған. Сондықтан да олар бізге қымбат», – дейді А.Жұмаділ.

Профессор атап өткендей, тарихи-этникалық үдерістер сабақтастығының белгілері еліміздің басты рәміздерінің бірі – Туда айқын көрінеді.

«Мемлекеттік Ту – ұлттық рәміздердің бірі. Ал туды ұстаған бірінші адамның бейнесі бірқатар петроглифтерде бейнеленген. Бұл – Ту ұстап, атқа қонған адамның бейнесі. Көк байрақ – бабалар рухы мен



қайрат-жігерін, ұлы істері мен жеңістерін бойына сіңірген асыл бұйым. Бүгінде желбіреген Көк Ту – ата-бабамыз табынған көк аспанның түсі. Ал тудағы Күн Есік қорғанынан табылған Алтын адамның бас киімінде өрлген өрнек ретінде бейнеленген. Ал Күлтегіннің бас киіміндегі самұрық қыран құс бейнесінде. Дәл осындай самұрық бейнесінің кейіннен Алтын Орданың мемлекеттік елтаңбасы ретінде қабылдануы қазақ жеріндегі этникалық үдерістердің сабақтастығының дәлелі», – деді спикер.

Профессор Әнұранымыз туралы да айтып, оның әуеніне шетелдіктердің үнемі тәнті болып жүретінін атап өтті.

«Ән – халықтың жаны. Заман өзгереді, күй өзгереді. Әнұранның идеясы да осылай өзгереді. Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның Әнұраны естериңізде шығар. Ал тәуелсіздік алғаннан кейін Әнұранды өзгерттік. Оның сөзі «Алтын күн аспаны» деп басталады. Оның мәтінін есте сақтау оңай, айбынды әрі әуезді. Геннадий Головкиннің кезекті кездесуінің бірінде жекпе-жек басталмай тұрып, Диماش Құдайбергенов Әнұранымызды шырқағанын есімізге түсірейікші. Шетелдіктер сүйсініп, сөздерін түсінбесе де, «Қандай Әнұран! Рухты шабыттандырады» деген жазғымды пікірлер қалдырды. Әрине, мұндай нәрселер мақтаным сезімін тудырады», – деді тарихшы.

● МӘМС



МЕДИЦИНАЛЫҚ КЕҢЕСТЕР

1406 нөмірі емес, енді
1414 нөмірі арқылы беріледі

Қазақстандықтар 1 маусымнан бастап медициналық сақтандыру және медициналық қызметке қатысты кеңестерді 1414 бірыңғай байланыс орталығы арқылы ала алады.

МСҚ Алматы қалалық филиалының директоры Тілеухан Әбілдаевтың айтуынша, бұл іс-шара халыққа қызмет көрсету аясын кеңейтіп, оператор аздығынан жауап берілмей қалған қоңыраулар санын қысқарту мақсатында қолға алынып отыр.

«Бұған дейін тұрғындар 1406 нөміріне хабарласып, медициналық сақтандыру, денсаулық сақтауға қатысты тегін кеңестер ала алатын. Сонымен қатар, медициналық көмек сапасына қатысты өтініш-шағымдар да осы байланыс арнасы арқылы қабылданып келді. 1 маусымнан бастап бұл қызметті 1414 байланыс орталығы көрсете бастайды. Себебі, ондағы операторлар штаты үлкен және орталықтың техникалық мүмкіндіктері жоғары. Орталықтың бір уақытта көптеген қоңырауды қабылдауға мүмкіндігі бар. Бұл өз кезегінде абоненттердің оператор жауабын күтуге кететін уақытын бірнеше минуттан бір минутқа дейін қысқартуға мүмкіндік береді», – деді Тілеухан Әбілдаев.

1414 операторлары күн сайын сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін жұмыс істейді.

Нұр ЖАМАЛ.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БАТЫРЛАРЫ



ӘУЕДЕГІ ЕРЛІК

«Ел Самғау» қоры ұшқыштарды «Қазақстан авиациясына 100 жыл» медалімен марапаттады

Ұшақты апаттан аман алып қалған қазақстандық ұшқыштарды Азаматтық авиацияның Ардагерлер Одағы арнайы сыйлықпен марапаттады. Марапаттау рәсімі «Air Astana» авиакомпаниясының ғимаратында өтті.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Экипаж мүшелері – капитан Вячеслав Аушев, екінші ұшқыштар Бауыржан Қарашолаков пен Сергей Соколов 2018 жылы әуеде қауіпті жағдайға тап болады. Бірақ ұшқыштар аз уақыт ішінде басқару жүйесін қалпына келтіріп, ұшақты сәтті қондырды. Air Astana ұшқыштары былтыр осы ерлігі үшін Хью Гордон-Берге сыйлығын иеленген еді.

2018 жылдың 11 қарашасында ұшқыштарымыз Лиссабонда (Португалия) бөгде ұйым көрсеткен техникалық қызметтен кейін Embraer E190 ұшағымен базаға қайтару рейсін орындаған. Сол сәтте элерондарды басқару кабель жүйесінің дұрыс орнатылмауына байланысты, ұшқаннан кейін ұшақ

басқарылмай қалады. Дегенмен, ұшқыштар мәселені анықтап, бақылауды ішінара қалпына келтіріп, ұшақты Португалияның оңтүстік-шығысындағы Бежа әуе күштерінің базасына қауіпсіз қондыра алды.

«Air Astana-да 2008 жылдан бері жұмыс істеймін. Ал ұшқыш ретінде қызметімді 2014 жылдың аяғында бастадым. Әуеде 4800-дей сағат ұштым. Әрине, сол күнгі рейс оңай болған жоқ. Басты мақсатымыз – ұшақты аман-есен жерге қондыру болды. Авиацияға келерде кез келген жағдайға дайын болуды үйретеді. Жылына 2 рет емтихан тапсырып, білім жетілдіреміз», – дейді «Air Astana» әуекомпаниясында екінші ұшқыш Бауыржан Қарашолаков.

Жиында Қазақстан авиациясы саласы ардагерлерінің «Ел Самғау» қоғамдық қорының мүшелері авиакомпания басшысы Питер Фостерге ұсыныс-тілектерін айтты.

«Бұл қор авиация ардагерлеріне көмектесу мақсатында 2012 жылы құрылды. Шыны керек, 2000 жылға дейін зейнетке шыққан авиация саласындағы ардагерлердің зейнетақысы өте аз. 90 мың, тіпті, одан да аз алатын зейнеткерлер бар. Көбінің әлеуметтік жағдайы төмен. Қордың құрамында тек ұшқыштар ғана емес, инженер-техниктер, диспетчерлер мен бортсеріктер де бар», – деді «Ел Самғау» қоғамдық қорының төрағасы Дмитрий Аббасұлы.

● АЛМАТЫБАСЖОСПАР

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»

ұлттық жобасына алматылық өндірушілер тартылатын болады



Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ә.Әбдіқадыровтың төрағалығымен өткен кеңейтілген кеңес барысында «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының, «Samruk-Kazyna Construction» АҚ өкілдерінің, Алматы қаласы мәслихаты депутаттарының, құрылыс салушы компаниялар мен бизнес-қоғамдастықтың қатысуымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы талқыланды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Оның аясында қалада 37,1 мың оқушыға арналған 22 мектептің құрылысы жоспарлануда.

Жиынға қатысушылар болашақта салынатын мектептерді жиһазбен және құрылғылармен жабдықтау, салу және жарактандыру мәселелерін талқылады, сапасы жағынан әлемдік балалардан кем түспейтін қазақстандық құрылыс материалдарын өндірушілердің өнімдерімен (құрғақ құрылыс қоспалары, шатыр,

әрлеу және лак-бояу материалдары, терезелерге арналған металл профильдер, есіктер, жиһаз және т.б.) танысты.

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров өзінің құттықтау сөзінде атап өткендей, өңдеу өнеркәсібі қаладағы басым салалардың бірі болып табылады.

«Қазіргі уақытта жобалау-металдық құжаттама әзірленуде, мектептердің құрылысы күзде басталады. Мектептер салу бойынша белгіленген тәсілдерге сәйкес оларды

жарактандыру негізінен отандық өндірістің тауарларымен жүзеге асырылады. Әкімдік өз тарапынан осы жобаны іске асыруда жергілікті өндірушілерге барынша қолдау көрсетуге дайын», – деді Ә.Әбдіқадыров.

Тақырыпқа орай айта кетсек, кейінгі онжылдықта Алматы қаласы бойынша оқушылар саны жыл сайын халықтың табиғи өсуі мен ішкі көші-қон есебінен орта есеппен 12–14 мың балаға артауда. Осы кезеңде 1-сынып оқушыларының саны түлектер санынан екі есе көп болды. Бұл ретте қолданыстағы инфрақұрылым мектептердегі өсіп келе жатқан қажеттіліктерден айтарлықтай кейін қалды.

Жаңа мектептер заманауи стандарттарды, қажетті инфрақұрылымды, жоғары жылдамдықтағы интернетті қамтамасыз ете отырып, салынатын болады.



5 МАУСЫМ – ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ КҮНІ

«ТАБИҒАТТЫ АЯЛАУ – ПАРЫЗЫМЫЗ»

«Экоәлем» ұйымының мүшелері осылай дейді



Алматының Наурызбай ауданына қарасты №188 мектеп-гимназияда оқушыларды табиғатты сүйе, қоршаған ортаға қамқор болуға үндейтін арнайы «Экоәлем» деп аталатын ұйым бар. Негізі 2019 жылы қаланған экоұйымға аталмыш мектептің география пәнінің мұғалімі Шынар Жақыпқызы жетекшілік етеді.

Коллажды жасаған Нұрболжан ӘРІСҮЛІ

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Экоәлем» ұйымының жұмысы Іле Алатауы ұлттық мемлекеттік табиғи паркімен қоян-қолтық жұмыс істеп, табиғи қорық аймағындағы түрлі экологиялық науқандарға атсалыса отырып, өсімдіктер мен құстарға қамқорлық жасауға, табиғатты аялауға негізделген. Мақсаты – жас ұрпақты қоршаған ортаға қамқорлықпен қарауға, материалдық құндылықтарды қорғауға, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және табиғатты аялауға тәрбиелей отырып, экологиялық

мәдениетті қалыптастыру. Шынар Нұрдуллетқызының айтуынша, ұйымға 20-ға жуық белсенді оқушы мүше.

– Жас ерекшеліктері әртүрлі болғанымен, олардың қоршаған ортаға деген қызығушылықтары ерекше. Табиғаттың тылсым дүниелерін білгісі келіп тұрады. Бүгінгі күнге дейін балалар Іле Алатауы ұлттық мемлекеттік табиғи паркі туралы білімдерін тереңдетіп, көп нәрсе үйренді. Табиғатты қорғау заңдылықтарымен танысты. Қазақстан Республикасында қорғалатын және Іле Алатауы ұлттық мемлекеттік табиғи паркіндегі жоғалып бара жатқан

және «Қызыл кітапқа» енгізілген фауна мен флораны білді, – дейді ұйым жетекшісі.

«Экоәлем» мүшелері 4 жылдан астам уақыт ішінде ұлттық парк аумағында ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып келеді. Мемлекеттік табиғи қорықтық қор мен тарихи-мәдени мұра нысандары бойынша ағартушылық жұмысты жандандыру барысында көптеген марапаттар мен Алғыс хаттары да бар. Демек, ұйымның бүгінгі күнге дейін атқарған жұмысы көпке үлгі боларлықтай.

Жақында «Экоәлем» мүшелері Іле Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің Талғар филиалы,

«Ақбұлақ» демалыс аймағында ұйымдастырылған «Парктер шеруі-2023» экологиялық табиғат қорғау акциясының ашылу салтанатына қатысып, келешек ұрпақты тәрбиелеп, орман шаруашылығы саласының дамуына үлес қосқан еңбегі үшін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Мақтау қағазымен марапатталды. Іс-шара барысында көп жылғы еңбектерінің жинағы іспетті «Экоәлем» альбомының тұсауы кесілді. Кез келген жиынның қызықты өтуі оның қатысушыларына байланысты екені рас. Дәл осы тұсты сәтті пайдаланған ұйым мүшелері акция барысында бірі домбыра шертіп, екіншісі мың бұрала би билеп, тамылжыта ән салып, өз өнерлерімен қатысушыларды тәнті етті.

Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде өткен «1 сәуір – Дүниежүзілік құстар күні» іс-шарасында да «Экоәлем» тобы белсенділік танытты. Онда Самал Әбілова, Гүлшат Садекова сынды эколог-мамандар «Көк құс – 2023 жыл құсы», «Сары бауыр шымшық» атты сабақтар өткізді. Өзі ісінің шеберлері еңбек ететін паркте мамандар ана тілінің майын тамызып тұрып дәріс оқығанда, балалар емес үлкендердің өзі тылсым табиғаттың таңғажайыптарына еріксіз еніп кетеді. Өйткені, олар экологиялық сабақтарды ойын түрінде түрлі тәсілдермен қызықты етіп өткізуде алдарына жан салмайды. Іс-шарада балалар жыл құсы атанған Көк құс туралы көптеген қызықты деректерге қанықты. Дәріс барысында оқушылар түрлі викториналық сұрақтарға жауап беріп, ребустар шешу, суреттер арқылы құстарды танып-білуге үйренді, сондай-ақ, құстар туралы бейнебаяндар тамашалады.

– Жас ұрпаққа экологиялық тәрбие беру – келешектегі экологиялық

мәселелердің алдын алуға септігін тигізеді. Өйткені, қоршаған ортаға ең көп зиян келтіретін, ол – біз, яғни адамдар. Ал балалар – біздің болашағымыз. «Экоәлем» ұйымын құрғандағы мақсатымыз – Сіз бен бізге табыстаған жер-ананың игіліктерін қорғау, оларды болашақта тұтынатын балаларымызға аманат ету. Сондықтан балаларымызды қазірден бастап табиғатқа қамқор болуға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға үйретсек, олардың экологиялық мәдениеті де күн өткен сайын арта түспек. Бұл, әлбетте, адам баласының іс-әрекетінен пайда болатын экологиялық мәселелерді азайтады. Осылайша бізде табиғатқа зиянын тигізбес бұрын ойланып барып қадам жасайтын экологиялық мәдениеті сауатты ұрпақ қалыптасады, – дейді «Экоәлем» ұйымының жетекшісі Шынар Нұрдуллетқызы.

Табиғат жанашырларының айтуынша, экологиялық тәрбиені, қоршаған ортаға байланысты білімді мектепте ғана емес, тіпті, оның негізін қалауды балабақшадан бастаса да артықтық етпейді.

Міне, күн жылынды. Енді Алматыға жақын маңдағы саябақтарға демалушылардың қатары көбейеді. Табиғат аясында демалған жақсы ғой, бірақ арттарынан қоқыс тастап кетушілердің ісі бүгінде көптеген табиғи парктердің өзекті мәселелерінің бірі болып тұр. Бұл мәселе Іле Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркін де айналып өтпейтіні жасырын емес. Эколог Самал Әбілованың айтуынша, саябақ аумағында тазалық жұмыстары жиі ұйымдастырылып тұрады. Ал «Экоәлем» мұндай бастамалардан ешқашан тыс қалған емес. Иә, атқарған жұмысына баға беруде халықтан асқан сыншы жоқ. Олай болса, көптің көңілінен шығып, алғыс арқалаған ұйымның әлі де талай көп сүйсінер іс атқаратыны сөзсіз.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

ҚР Ұлттық кітапханасының үлкен залында 1 маусым – балаларды қорғау күніне орай «Көкжиек – Горизонт» баспасынан шыққан «Я вам сказку расскажу. Сказки Казахстана» атты 32 этностық ертегілер жинағының тұсаукесері өтті.

БАЛАЛАРҒА – БАЗАРЛЫҚ!

Қазақстан халқы ертегілерінің жинағы жарық көрді

Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазақстан Республикасының аумағында тұратын халықтардың ертегілерін қамтитын бұл жинақ балаға «көпұлттылық» ұғымын сезінуге, өскелең ұрпақты дәстүрлі рухани құндылықтарға тәрбиелеуге, толеранттылыққа тәрбиелеуге, патриотизмді қалыптастыруға өз үлесін қосуға көмектесуге арналған.

Балаларға қазақ, орыс, украин, беларусь, дүнген, өзбек, шешен және басқа да халық ертегілерінен құралған кітап 120 беттен тұрады. Жинақтағы иллюстрацияларды беларусь суретшісі Сергей Волков жасаған. Әрбір ертегі өзіндік дизайнмен көркемделген. Ерекшелігі сол, Сіз ертегілерді кітаптан оқып қана қоймай, оларды QR код арқылы кәсіби мамандардың дауысымен тыңдай аласыз.

– Менің ең алғашқы оқыған ертегім – Поп пен оның бейбақ жұмысшысы туралы ертегі бола-

тын. Бұл әжемде бар жалғыз кітап еді. Мен оны алты жасымда басынан аяғына дейін оқығанмын. Біз балаларға Қазақстан халықтарының қызықты ертегілерімен танысуға мүмкіндік бергіміз келді. Ертегілердің көбін балалар да, ата-аналар да бұрын естімеген болуы мүмкін. Әрбір ертегі ұлттық әуенмен сүйемелденеді. Біз Қазақстанның барлық этностарының музыкасын жинадық, – дейді жинақты құрастырушы Наталья Новосельцева.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттің басты міндеттерінің бірі өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау екенін үнемі назарда ұстап келеді. Ұйымдастырылған іс-шара балалардың оқуға деген сүйіспеншілікті ояту, әртүрлі ұлт пен дін адамын құрметтеуге тәрбиелеуге бағытталған.

Тұсаукесерден кейін салтанатты іс-шара мерекелік концертке ұласып, балаларға тәтті сыйлықтар тарту етілді.

БАЙҚАУ

БАЛАПАНЫМ, БИІК ҰШ!

Халықаралық Балаларды қорғау күніне орай Түркісіб ауданындағы №187 бөбекжай-балабақша ұжымы «Балапаным, биік ұш, күн мен жерді сүйіп ұш» атты көңілді бағдарлама ұйымдастырды.

Рая
ЕСКЕНДІР

Балалардың бақытты мекенінде түрлі спорттық жарыстар, конкурстар, ән-би байқаулары өтті. Бүлдіршіндер «Бақытты балалық шақ» атты флешмобқа қатысты. Бұл күні ертегі кейіпкерлері де арнайы келіп, балақайлардың көңілін көтерді.

– Біздің бөбекжай-балабақша ұжымы бұл мерекенің жоспарын бір жыл бұрын жасап, көктем шыға әзірлікке кірісіп кетті. Өйткені, әр сәбидің талғамы әртүрлі болғандықтан, баланың көңілінен шығатындай етіп бағдарлама жасағымыз келеді. Бұл өз кезегінде балалардың мерекені шынайы сезініп қабылдауына көмектеседі. Тәрбиешілер балаларға мереке туралы алдын ала айтып, өлең-жыр, ән мен би, түрлі ойындар үйретсе, балақайлар өз қолдарымен ашық хаттар жасап, оны ата-аналарына сыйға тартады. Балалар салған суреттердің көрмесі де мерекеге орай ұйымдастырылды. Балалардың жас ерекшеліктеріне қарай қойылымдар қойдық.



Мәселен, баланың жан-жақты болып дамуына ұлттық ойынның қосар үлесі мол екені белгілі. Сондықтан бағдарламада заманауи ойындармен ұлттық құндылықтарымызды ұштастыруға тырыстық, – дейді бөбекжай-балабақша меңгерушісі Фарида Қызырханқызы.

Қазір балабақшаның барлық топтарында жарқын жаз мезгілінде өтетін жазғы сауықтыру жұмыстары басталды. Мәселен, «Бектемір» тобы ойын саябағына, «Арқар» тобы Медеу шатқалына ата-анала-

рымен барып, туған жерінің көрікті жерін қағаз бетіне салып жарысты. Сонымен қатар, «Хантәңірі» тобының бүлдіршіндері «Халық Аренаға» экскурсия жасамашы. «Жалын», «Жұлдыз» топтары қуыршақ театрына билет алып қойды. «Алау», «Ұшқын» топтары асфальтқа сурет салуға, «Зейін» тобы асық атып, ұлттық ойынмен таңқалдыруға, «Зерек» тобы жүннен жіп иіріп, «Құлагер» тобы хайуанаттар паркіне серуендейтін болады.



ҚАЗАҚША КҮРЕС

«АЛМАТЫ БАРЫСЫ – 2023» –
ЖАНСЕРІК ЖҰМАБАЙ

«Қазақстан барысы – 2023» республикалық турниріне Алматы қаласының атынан қатысатын балуандар белгілі болды

Алматыдағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайында қазақ күресінен жыл сайынғы «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турниріне іріктеу турнирі өтті. Жарысқа Алматы қаласынан 16 балуан қатысып, барлығы да бір салмақ нәтижесінде өнер көрсетті.

Спорттық іс-шара қазақстандық эстрада жұлдыздарының, «Сәулет» би ансамблінің концерттік бағдарламасымен басталды. Қатысушылар жеребе суырып, ең мықты балуан атағы үшін жекпе-жекке шықты. Бұл іріктеу турнирі Алматы қаласы әкімдігі, Халықаралық қазақ күресі федерациясы, Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі және «Қазақстан барысы» қазақ күресін дамыту қорының бірлескен жобасы.

Ұлттық спорт түрлері, оның ішінде қазақ күресі сынды ұлттық құндылықтарымыз елімізді әлемге танытады. Қазақ күресінің тәрбиелік мәні ерекше.

«Алматы барысы – 2023» атағын балуан Жансерік Жұмабай жеңіп алды, күміс Айбек Ізтілеуовке, ал қола Әбдіқасым Саханға бұйырды. Алтын және күміс жүлдегер «Қазақстан барысы – 2023» республикалық турниріне жолдама алды. Жарыстың жүлде қоры – 1 миллион теңге. 1-орынға 500 мың, 2-орынға 300 мың, 3-орынға 200 мың теңге берілді.

Қазақ күресі бойынша турнир жыл сайын салауатты өмір салтын және жастар арасында ұлттық спорт түрлерін насихаттау мақсатында өткізіледі. Ұлттық күрес 1938 жылдан бері республикалық жарыстар бағдарламасына кіреді. Ең бірінші жарыс осы жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Содан бастап дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп келеді. Ал «Қазақстан барысы» республикалық турнирі 2012 жылдан бері жыл сайын ұйымдастырылады.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат АХМЕТБЕКҰЛЫ,
Алматы қаласы Қазақ күресі федерациясының төрағасы, жарыстың бас төрешісі:

– «Алматы барысы – 2023» республикалық турнирге іріктеу жарысы ретінде өтті. 16 балуан белдесіп, ең мықтысы жолдама жеңіп алды. Турнирге Алматы ауданынан басқа 7 ауданнан іріктелген 90 килограмм салмақтан жоғары балуандар қатысты. Әр ауданнан 3 балуаннан іріктелді. Жарақат алған балуандар қатыса алмады. «Қазақстан барысы – 2023» турнирі 1 шілдеге жоспарланып отыр. 2 балуанымыз қала намысын қорғайтын болады.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТЕННИС

ЖЕҢІСКЕ
ҚҰШТАРЛЫҚ

Біздің теннисшілер АҚШ-тағы жарыстың ширек финалында кездеседі

Бейбіт Жұқаев пен Михаил Кукушкин АҚШ-тың Литтл-Рок қаласында өтіп жатқан челленджер турнирінің ширек финалында өзара кездеседі. Әлемнің 325-ракеткасы, 22 жастағы Б.Жұқаев жарысқа іріктеу сайысынан кейін қосылып, әуелі рейтингте 333-орында тұрған германиялық Петер Гоёвчикті 6:2, 6:2 есебімен тізе бүктірді.

Содан кейін екінші айналымда сенсация жасап, әлемнің 187-інші, осы доданың 2-ракеткасы, америкалық Николас Морено-Де-Альборанды жолдан тайдырды – 6:2, 6:7 (1:7), 7:6 (7:5).

Үш сағат 6 минутқа созылған бәсеке барысында Бейбіт 15 эйс жасап, 9 брейк-пойнттың үшеуін пайдаланды. Соңғы тай-брейкте 1:5 есебімен ұтылып жатып, қатарынан алты допты өз есебіне жазды.

Әлемнің 296-ракеткасы Михаил Кукушкин алдымен рейтингте 1379-сатыдағы америкалық Майкл Чженді сүріндірді – 7:6 (7:5), 6:3. Ал екінші айналымда әлемнің 246-ракеткасы, америкалық Теннис Сандгрэннен аясын асырды – 6:2, 7:5.

Осылайша Б.Жұқаев пен М.Кукушкин жартылай финал жолдамасы үшін қортқа шығады.

БІЗДІҢ АННА
ЕРЛЕДІ

Қазақстандық теннисші Анна Данилина Франция ашық чемпионатында (Ролан Гаррос) жұптық сындағы алғашқы матчын өткізді.



Анна 1/32 финалдық кезеңінде венгриялық теннисші Тимея Бабошпен бірге румыниялық Моника Никулеску мен жапониялық Макото Ниномияны екі сетте 6:1, 6:1 есебімен жеңді. Матч 1 сағат 4 минутқа созылды.

ФУТБОЛ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА
ЖАСАҚТАЛДЫТізімге барлығы
27 футболшы енді

Футболдан 2024 жылдағы Еуропа чемпионатына іріктеу жалғасады. Осының аясында Қазақстан құрамасының бас бапкері Магомед Адиев ел намысын қорғайтын жігіттердің тізімін бекітті. Оны тікелей эфирде жариялады. Мұндай жағдай отандық футболда алғаш орын алып тұр. Ал Еуропа елдерінде бұрыннан қолданылады.

Сонымен, ұлттық құрамаға бас-аяғы 27 футболшы кірді. Оның ішінде Игорь Шатцкий, Ян Вороговский, Нұрәлі Әліп, Асхат Тағыберген, Бахтияр Зайнутдинов, Абат Айымбетов сияқты тәжірибелі ойыншылар бар. Бұған қоса, бас бапкер құрамаға жастарды да көбірек тартқан. Олар 16 маусым күні сырт алаңда Сан-Марино құрамасымен жолығады. Матч Италияның Парма қаласында болады. Араға 3 күн салып, Қазақстан және Солтүстік Ирландия арасында матч ұйымдастырылады.

Футболшылардың қорытынды тізімі төмендегіше:

Қақпашылар: Игорь Шацкий («Шахтер»), Бекхан Шайзада («Ордабасы»), Данил Устименко («Қайрат»);

Қорғаушылар: Сергей Малый, Темірлан Ерланов (екеуі де – «Ордабасы»), Александр Марочкин («Тобыл»), Михаил Габышев, Тимур Досмағамбетов, Абзал Бейсебеков (барлығы – «Астана»), Марат Быстров («Ахмат», Ресей), Ян Вороговский («Моленбек», Бельгия), Әлібек Қасым («Ақтөбе»), Нұрәлі Әліп («Зенит», Ресей), Лев Скворцов («Химки», Ресей), Еркін Тапалов («Қызылжар»);

Жартылай қорғаушылар: Рамазан Оразов («Тобыл»), Бахтияр Зайнутдинов (ЦСКА, Ресей), Максим Самородов, Арман Кенесов (екеуі де – «Ақтөбе»), Асхат Тағыберген («Ордабасы»), Аслан Дарабаев, Эльхан Астанов, Исламбек Куат (барлығы – «Астана»);

Шабуылшылар: Абат Айымбетов, Владислав Прокопенко (екеуі де – «Астана»), Артур Шушеначев, Вячеслав Швырев (екеуі де – «Қайрат»);

Әзірлеген Гүлжанат СЕМБАЕВА.



А.ҚҰНАНБАЕВ – 178

АБАЙ МҰРАСЫ – ШЕТЕЛДЕ



Қазақстанда туып-өскен немістер Германияда Абай үйін ашты. 20 жыл бұрын Отанына оралған Валерий Оствальд Залах қаласында «Қазан» деген атпен қауымдастық құрған.

«Qazaqstan» ұлттық арнасы ұсынған

ақпаратқа қарағанда, бүгінде 100-ден астам мүшесі бар ұйым Германияда қазақ мәдениеті мен өнерін кеңінен насихаттап отыр.

«Абай үйі – Германия мен Қазақстан арасындағы мәдени көпір болады деген үміттеміз. Абай – ұлы жазушы. Әлем жұрты оның есімін білуі тиіс. Біз Қазақстанда туып-өстік, ол – біздің Отанымыз. Туған жеріміздің жылдан-жылға көркейіп, дамығанын көріп, қуанып отырамыз», – деді «Қазан» қазақ қауымдастығының төрағасы Валерий Оствальд.

Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ТАНЫСТЫРЫЛЫМ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙҒА
ТӨТЕП БЕРУ

туралы нұсқаулық шықты

Алматыда қауіпті заттардан туындайтын ТЖ-ға төтеп беру бойынша анықтамалық-нұсқаулық таныстырылды

Шаһарда Қолданбалы және теориялық химия жөніндегі халықаралық одақтың (ИЮПАК – IUPAC) жобасы аясында Химиялық қаруға тыйым салу жөніндегі ұйыммен (ОЗХО – OPCW) бірлесіп «Төтенше жағдайларға төтеп беру жөніндегі нұсқаулық» (ERG 2020) анықтамалығы ұсынылды.



Бұл нұсқаулықты дүние жүзіндегі көптеген төтенше жағдайларға төтеп беру қызметтері пайдаланады. Нұсқаулық құтқарушы-мамандарға қауіпті химиялық заттардан туындайтын жағдайларды анықтауға, олардың түрін анықтап білуге және қорғаныс құралдарын таңдауға көмектеседі.

Анықтамалықтағы ақпарат автомобиль жолдары мен теміржолдардағы төтенше жағдайларды дұрыс бағалауға, олар туындаған кезде қажетті іс-қимыл стратегиясын анықтауға мүмкіндік береді. Әсіресе, құтқару операциялары кезінде, адамдарды эвакуациялау және төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде бұл өте маңызды, сонымен қатар химиялық қауіпті заттардың әсерінен қоршаған ортаға зиянды азайтуға да мүмкіндік береді. Нұсқаулық (ERG) әр төрт жыл сайын ағылшын, француз және испан тілдерінде шығарылады.

IUPAC ERG жобасының жетекшісі, профессор Маттео Гвидотти бұл практикалық нұсқаулық автомобиль жолдарында және теміржолдарда қауіпті жүктерге қатысты орын алатын жағдайларда, яғни жақын жерде әрекет ету қызметтері болмаған жағдайда әрі шешімді төтенше жағдайға куә болған адам қабылдауы қажет болған жағдайда қолдануға арналғанын атап өтті. Ол басылымның орыс тіліндегі нұсқасын аударуға және дайындауға қатысқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушылары мен қызметкерлеріне алғысын білдірді.

«Нұсқаулықта әртүрлі зиянды

заттардың шығарылуымен ұш-тасқан автожолдар мен теміржол көлігіндегі апаттар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері нақты айқындалғанын атап өткен жөн. Олардың табиғатына байланысты қауіпсіздік ережелерін сақтау, алғашқы медициналық көмек көрсету және адам денсаулығы мен қоршаған ортаға зиянды азайту ережелері сипатталған. Мұндай анықтамалық осы бағытта жұмыс атқаратын түрлі қызметтер мен ведомстволарға қажет. Шетелдік ғалымдармен және сарапшылармен ынтымақтастық химиялық, биологиялық және радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді және де IUPAC жобаларына қатысудың жаңа мүмкіндіктерін ашады», – деп атап өтті Б.А.Беремжанов атындағы Қазақстандық химия қоғамының төрағасы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Химия факультетінің профессоры Мұхамбетқали Бүркітбаев. Айта кетерлік жайт, қазақстандық химиялық қоғам IUPAC-тың қауымдастырылған мүшесі.

Іс-шараны ұйымдастырушылар тұсаукесерге қатысқан бейінді ведомстволар мен мүдделі мекемелердің өкілдеріне қатты мұқабалы «Төтенше жағдайларға төтеп беру жөніндегі нұсқаулықты» таратты. Сондай-ақ, бұл анықтамалық ғылыми ұйымдар мен химиялық қоғамдастық өкілдеріне де берілетін болады. Нұсқаулықты электронды түрде IUPAC веб-сайтынан жүктеуге болады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ВАКАНСИЯ

«Жоғары қазақ-түрік гуманитарлық-технологиялық колледжі» ЖМ 2023-2024 оқу жылында

Педагогтар мен әкімшілік-басқарушылық персонал бос лауазымына байқау жариялайды:

Үміткерлер түйіндемелерін вакансияға хабарландыру мәтінінде көрсетілген электрондық поштаға, ваканттық позициясының атауын көрсетіп жолдауға тиіс, ваканттық позициясының атауы көрсетілмеген өтінімдер қаралмайды.

ЖҚТГТК келіп түскен түйіндемелер көрсетілген талаптарға сәйкестігін байқау комиссиясы қарастырады.

Тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес пакетін ұсыну өтінішті қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады.

Байқауға қатыспаған ЖҚТГТК қызметкерлері мен үміткерлер 2023-2024 оқу жылында жұмысқа қабылданбайды.

Құжат қабылдайтын соңғы күн – 21.06.2023 ж.

Конкурс өткізу күні – 23.06.2023 жыл, сағат 09.00 – 17.00 аралығында, 47-кабинет.

Конкурс шарттары сайтта жарияланды: <http://zhktgtk.kz/vacansy/kz>

Мекенжайымыз:

050026, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Қазыбек би к-сі, 168.

aktgtk309@mail.ru. Қосымша ақпарат телефондары: 8 (727) 379-78-94, +7 707 200 26 45, +7 778 431 58 06.

Алматы қаласы Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген экономисі, дербес зейнеткер

Бисен Құрманұлы ҚҰРМАНОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, туыстарына және жақындарына шын жүректен көңіл айтады.

«Almaty aqshamy» газеті Алматы мен Астана қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

«Almaty aqshamy» жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 293-08-12, 293-08-25.

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

**«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

2023 жылдың 2-жартыжылдығына арналған жазылу науқаны бас-талды. «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы тұрақты оқырмандар мен газетке жаңадан жазылып жатқан жазылушылар үшін дәстүрлі «Жазыл да, ұтып ал!» байқауын жариялайды. Байқау барысында бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

Алдымен газетке жарты жылға жазылғаныңыз жөніндегі түбіртеккі рәсімдеуіңіз қажет.

2023 жылдың 13 шілдесіне дейін редакцияға жазылымның көшірмесін конвертке «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгімен жіберіңіз. Редакция мекенжайы: ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко к-сі, 106 А (Масаншын көшесінің бұрышы), каб. №21, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03 немесе сканерленген жазылым билетін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatauaqparat@mail.ru электрондық мекенжайына жіберіңіз!

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңіз, мекенжайыңызды және телефон нөміріңізді көрсетуіңіз қажет.

Қайда жазылу керек?

«Қазпошта» АҚ, «Еуразия пресс» агенттігі ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық пошта бөлімшесінде.

2023 жылға арналған жарты жылдық жазылым бағасы:

Жеке жазылушылар үшін (жазылу индексі 65503) – 3603 теңге.

ҰОС қатысушылары, зейнеткерлер, мүгедектер және көпбалалы аналар үшін жеңілдік (индексі 95503) – 2643 теңге.

Ұтысқа тек жарты жылдық жазылымды рәсімдеген жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойыны 2023 жылғы 14 шілдеде «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында конкурстық комиссия мүшелері мен тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімдері газеттің 2023 жылғы 20 шілдедегі санында жарияланады.

Сәттілік тілейміз, құрметті оқырман!

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
alatauaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 663

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPU00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.


Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.



ЭКСКУРСИЯ

АСЫЛТАС – АҚОРДА ТӨРІНДЕ



Жуырда Астана қаласының тұрғыны, 1-сынып оқушысы Асылтас Саяділ деген балдырған Ақорданы аралап көргісі келетінін айтып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атына хат жазған болатын.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Халықаралық балалар күніне орай «Ақорда» резиденциясына ұйымдастырылған экскурсияға Асылтас арнайы шақырылып, ғимаратты аралап көрді.

Кішкентай Асылтаспен бірге еліміздің барлық өңірінен келген 70-ке жуық оқушы болды. Олардың арасында халықаралық және республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, оқу үздіктері бар. Аталған әдемі іс-шара аясында балалар «Ақорданың» бірінші қабатындағы Орталық салтанатты холл мен ресми қабылдаулар өткізуге арналған «Салтанат» залын, түрлі жиындар өтетін «Шығыс», «Мрамор», «Алтын» «Доғал» және басқа да келіссөздер залдарын тамашалады, сондай-ақ кітапхананы аралап көрді.

ӘЛЕУМЕТ

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР
бірегей бағдарламаға қатыса алады

Алматыда ерекше балаларға арналған бірегей бағдарлама жұмыс істейді. Дамуында өзгешелік бар балалар роликті конькимен, велосипедпен және атпен «Адаптивті сырғанау» бағдарламасына қатыса алады.

Бағдарламаны толығымен Алматы қаласының әкімдігі қаржыландырады. Дәрісті Pioneer шаңғы базасында тәжірибелі нұсқаушылар өткізеді.

Курс аутизм спектрінің бұзылысы, Даун синдромы, церебральды сал ауруы (балалардағы церебральды сал ауруы), ПСДК (психо-сөйлеу дамуы кешеуілдеген), ЖСТД (жалпы сөйлеу тілі дамымаған), зейін жеткіліксіздік және гиперактивтілік синдромы (СДВГ) және басқа да неврологиялық аурулары бар балаларға арнал-

ған. Балалар адаптивті сырғанау арқылы дәрі-дәрмексіз оңалады.

Жеке 10 сабақты қамтитын бағдарламаны нұсқаушы жүргізеді, сөйлеуді, қозғалысты, мүсінді, имунитетті үйлестіруді және ағзаның қалпына келу қабілетін жақсартуға көмектеседі. Әрі бұл курс ерекше балаларды қоғамға бейімдеуге және көпшілікпен араласуға бағытталған.

Бағдарлама 2017 жылдан бері Алматы қаласы Спорт басқармасының қолдауымен жұмыс істеп келеді.

Нұр ЖАМАЛ.

АЛМАТЫ BALAFEST – 2023

ЕҢ КӨРКЕМ, ЕҢ МЕЙІРІМДІ МЕЙРАМ

қалалық балалар фестивалінің қорытынды іс-шарасы өтті

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай жыл сайынғы «Алматы BALAFEST – 2023» қалалық балалар фестивалінің қорытынды іс-шарасы өтті.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Балалар мен жасөспірімдер шығармашылығын түрлі бағыттар бойынша дамыту мен қолдауды көздейтін салтанатты іс-шара Қазыбек би – Абылай хан, Әйтеке би – Панфилов көшелерінің квадратында орналасқан «Северный» скверінде ұйымдастырылды. Фестивальға «Жұлдызды сәт», «Бояулар күпиясы», «Өнерлі бала», «Кітап – білім бұлағы», «Жасыл Алматы», «OpenAir Sport», «Хакатон – IT Universe» деп аталатын 7 бағыт бойынша мектеп аралық, аудандық, қалалық кезеңнен өткен конкурс жеңімпаздары қатысты.

Алматы қаласы Білім басқармасының «Алматы дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының директоры Гүлнұр Кәрімғажының айтуынша, байқауға білім беру ұйымдарының 1–11-сынып оқушылары қатысқан. Бірінші – мектеп кезеңінде 250 000-нан астам оқушы бақ сынасса, аудандық кезеңге 35 000-ға жуық қатысушы бақ сынады.

Бүгін біз фестиваль аясында 1204 жеңімпаз мен жүлдегерлерді дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапаттадық. Оларға



сыйлық ретінде рюкзактар, термостар, футболкалар, фестиваль логотипі бар бейсболкалар ұсынды. Ал басты алаңда 2023 жылдың халықаралық және республикалық зияткерлік олимпиадалардың 60 алтын медаль иегері марапатталды. Аталған жетістіктер арқылы Алматы қаласының құрама командасы 18 жыл қатарынан «ҚР ең үздік олимпиада командасы» атанып келеді, – деп атап өтті Гүлнұр Кәрімғажы.

Бағдарлама танымдық ойындарды, спорттық эстафеталарды, шеберлік сыныптар мен көрмелерді, квесттер және театр қойылымдары сияқты көптеген іс-шара-

ларды қамтыды. Әр аймақта қолөнер (крафт) ойындары, поэтикалық баттлдар, пластмассаны ұсақтау бойынша жарыс (бөтелке қақпақтары), бейнелеу өнері бойынша шеберлік сыныптары, «Алматының болашағы балалардың көзімен» пленэрі, шахмат, спорт-стекинг бойынша жарыстар, скейт-стритбол бойынша демонстрациялық қойылымдары, «Робототехникаға кіріспе» шеберлік-сыныбы, командалардың роботтарды басқару және оның мүмкіндіктерін көрсету жайлы тұсаукесерлері, сәндік-қолданбалы өнер шеберханалары, викториналар, квесттер мен театр қойылымдары ұйымдастырылды.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні Алматының барлық аудандарында сән-салтанатпен аталып өтті.

Бұл күні балалар түрлі қызықты ойындарға қатысып, өз өнерлерін көрсетті. Мерекелік концерттер «Family», «Гүлдер», С.Сейфуллин атындағы саябақтарда, сонымен қатар Орталық мәдениет және демалыс паркінде де ұйымдастырылды.

Балалардың сыңғырлаған күлкісі мен балдырғандардың былдырымен ерекшеленген сәулелі мереке Алматының кішкентай тұрғындарына осылайша естен кетпес ерекше әсер қалдырды.